БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№100 (9418) | 1954 жылғы 19 май Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Кәзір шөп шабуға әзірліктің жауапты кезеңі. Бұл жұмысты кезекке қоюшылыққа төзуге болмайды. Шөп шабу науқанына әзірлікті ұзаққа созбай, оны көктемгі егіс жұмыстарымен бірге ұштастыра жүргізу керек.

Шөп шабу науқанына әзірлік барлық колхоздар мен МТС, совхоздарда зор ұйымшылдықпен және қызу қарқынмен жүргізілсін.

Шөп шабуға әзірлік тыңғылықты жүргізілсін

Бүкіл республикамыздағы сыяқты мал шаруашылығын өркендетуде облысымыздың алдында да орасан зор міндеттер тұр. Демек, малдың санын көбейтумен бірге оның өнімділігін мейлінше арттыру қажет. Ал, бұл міндетті орындау үшін колхоздар мен совхоздарда мал азығының берік қорын жасаудың зор маңызы бар.

Жасыратыны жоқ, облыста мал азығының берік қорын жасау міндеті жыл сайын ойдағыдай орындалмай келеді. Сол себепті бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда малдың саны да, оның өнімділігі де жоспарланған мөлшерден едәуір аз болып жүр. Әрине, мұның өзі мүлдем төзуге болмайтын жағдай.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығының жемшөп балансында табиғи шабындықтың алатын үлес салмағы өте үлкен. Мұның өзі мал азығының бірқатары табиғи шабындықтардан дайындалады деген сөз. Олай болса, табиғи шабындықтың толық игерілуін және олардағы шөпті дер кезінде шауып, жыйнап алудың маңызы ерекше зор.

Үстіміздегі жылы Есіл өзені тасып, Есіл бойындағы колхоздар мен совхоздардың табиғи шабындықтарына су орасан көп жайылды. Сөйтіп, бұл шабындықтарда құнарлы шөптің көп өсуіне мүмкіншілік туды. Колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшыларының ендігі міндеті бұл шабындықтардағы шөпті малдың басын тастауынан, өрт апатынан сақтауды қамтамасыз ету.

Мал азығын дайындауда ерекше көңіл бөлетін мәселенің бірі, егіндік жерлердің сабаны мен топанын ысырапқа ұшыратпай, кезінде жыйнап алу. Өйткені, сабан мен топанның мал азығы қорында үлкен орын алатындығы әрбір мал өсірушілерге мәлім. Сондықтан, тамыржемісті азықтармен бірге бұларды да ойдағыдай жыйнап алу ісін ұйымдастыру алдымен колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшыларына жүктеледі.

Өткен жылы облыстың көп колхоздары мен МТС, совхоздарында шөп шабуға әзірлік өте кеш басталып, уақытында аяқталмады. Жемшөп дайындау жұмыстары өте ұзаққа созылды. Кезінде шабылып, жыйналмаған жемшөптің құнары кеміді. Ол-ол ма, кейбір [illegible] ның МТС- терінде де бар. Коновалов МТС-і 7 колхозды қамтыйды. Ол колхоздарда быйыл 244 мың 150 центнер шөп (сабан мен топанды, тамыржемісті дақылдарды қоспағанда) дайындауы керек. МТС көлеміндегі колхоздарда 75 шөп машинасы, 68 ат тырнауышы бар. МТС-тің өзінде өздігінен жүретін және тракторларға тіркелетін ондаған шөп машиналары бар. Міне, осыншалықты мол техниканың кебі әлі жөндеуден өткізілген жоқ. «Дружина», «Победа», Чапаэв атындағы колхоздардың бірсыпыра шөп машиналары, тырнауыштары және басқа да құралдары ұста дүкенінің жанына жеткізілмей әр жерде жатыр.

Полудень ауданының біраз колхоздарында қыс күндерінде шөп машиналарын жөндеу жұмысы әжептәуір жүргізілді. Мәселен, Полудень МТС- нің қамтыындағы колхоздарда 19 ат тырнауышының 7-і, 20-дан астам шөп машинасының 5-і жөнделді. МТС басшыларының және колхоз басшыларының шөп шабатын және оны жыйнайтын машиналардың жөндеуге үнемі нақтылы басшылық етіп отырмауының салдарынан апрель айынан бастап жөндеу жұмысы тоқтап қалды. Шаруашылыққа бұлай басшылық ету науқаншылдыққа салынғандық болып саналады. Полудень МТС-нің және оның қамтыындағы колхоздардың басшылары бұл кемшілікті дереу жойып, шөп шабу науқанына әзірлікті бәсеңдетпей, қайта оны кеңінен өрістете берулері керек.

Жемшөптің мол қоры болмайынша мал шаруашылығын, еңалдымен, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету міндетін табысты орындау мүмкін емес. Сондықтан да кәзір жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің басшылары әрбір фермада жай және құнарлы жемшөптің мол дайындалуын қамтамасыз ету үшін күресулері керек. Ал, ол үшін шөп шабу науқанына әзірлікті қызу қарқынмен жүргізіп, оны үлгілі аяқтау, шөп шабуға ұйымдасқан түрде кірісіп, оны жоғары дәрежеде өткізу қажет.

Шөп шабуға және шабылған шөпті жыйнауға, маялауға, тасуға қажетті машиналардың, құрал- саймандардың барлығын жөндеуден сапалы өткізу, сөйтіп, шөп шабу науқаны [illegible]

Техника қуатын сарқа пайдалану жолындағы күресті күшейте берейік

☆

Жақсы көрсеткіштер

Мамлют ауданы, Интернационал МТС-нің Харков жолдас басқарған комсомолжастар бригадасы егіс жұмыстарының қарқынын күннен- күнге өрістетуде. Бригада мүшелері қысқа мерзімде 500 гектар жерге тұқым септі. Егіс жұмыстары басталғалы өзара социалистік жарыста тракторшы Видоманкин жолдас алда келеді. Ол жер жыртуда, тұқым себуде сменалық жұмыс тапсырмасын үнемі 130—157 процент орындайды. Бұдан комсомолец тракторшылар Н. Пронин, В. Гончарев жолдастар да қалысатын емес.

* * *

Осы аудандағы Чапаев МТС- нің трактор бригадалары да көктемде тың және тыңайған жер жырту жоспарын толық орындап шықты. Тыңды көтеруде МТС-тің Липин жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері жақсы көрсеткішке ие болды. Бригада мүшелері 2—3 күнде 25 гектар тың көтеріп, оған жаздық катты бидай тұқымын септі. Әсресе, тракторшылар Н. Клеников, А. Кузнецов жолдастар жоғары көрсеткіштерге ие болды. Олар «ДТ—54» тракторымен сменаларында 6—7 гектардан тың жыртып отырды.

А. МАНУИЛОВ.

Шаршы-ұялы әдіспен

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының мүшелері күнбағыс егуге былтыр күзде терең жыртылған егістік участокті бөлген-ді. Үстіміздегі көктемде ол участок агротехникалық ережелерге сай өңделді. Содан кейін көлденеңінен маркерленді.

Кәзір колхозшылар мен механизаторлар осы участокке күнбағысты шаршы-ұялы әдіспен егуді қолға алды. Бұл жұмысқа отамалы дақылдарды шаршы- ұялап егуге арналған «СШ—6» сеялкасы пайдаланылады.

Күнбағысты шаршы- ұялы әдіспен себуді Совет МТС-нің аға агрономы Б. Барзаковский, колхоз агрономы А. Руди жолдастар басқарады.

☆

Трактор бригадаларында еңбек өнімділігін арттырайық

Облыс МТС-терінің көптеген трактор бригадалары егіс жұмыстарында тракторлардың қуатын өнімді пайдаланып, зор табыстарға ие болуда. Солардың бірі — Пушкин атындағы МТС-тің Прудников жолдас басқарған трактор бригадасы. Бұл бригаданың мүшелері «Новая жизнь» колхозының егіс даласында жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. Бригада мүшелері тың көтеруде сменалық жұмыс тапсырмаларын біржарым нормаға дейін орындауға жетіскен. Ал, тракторшылар Соловьев және Черкасов жолдастар «ДТ—54» тракторымен тың көтеруде екі норма орындайды.

Трактор бригадасының бригадирі Прудников жолдас жер жырту, жыртылған жерге тұқым себу жұмыстарын сағаттық график бойынша жүргізуді ұйымдастырған. Бригадада үш шынжыр табанды трактор тәулік бойы тоқтаусыз жұмысқа пайдаланылады. Бригадир ауа райының қолайсыз күндері бұл тракторларды жұмысқа пайдаланудың шебер жолдарын біледі. Жұмысты сағаттық график бойынша істеу бригадада бес жұмыс күні ішінде 258 гектар жер жыртылып, оның 200 гектарына тұқым себілуіне мүмкіндік берді.

Осы сыяқты Торанғұл МТС-нің Семенгин жолдастың басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері де тың жерлерді көтеруде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Бригада мүшелері 5 «ДТ—54» тракторымен төрт жұмыс күнінде 300 гектардай тың жер жыртқан. Бұл жұмыста олар тракторлардың топтасып жұмыс істеуін ұйымдастырған.

Алайда, көпшілік МТС-тердің басшылары егіс жұмыстарында бірқатар кемшіліктерге жол беріп отыр. Олар тракторлардың қуатының дала жұмыстарына өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етпей, көктемгі егістің ұзаққа созылуына жол беруде. Мысалға Торанғұл МТС-ін алуға болады. МТС қамтыындағы колхоздарда болдық. Бұл бригада Сталин атындағы колхозда тың жерлерді көтеріп, оған тұқым себуде. Тракторшы Келлер жолдастың жұмыс істеп жүрген жерінде болғанымызда бұл тракторға тіркелген сеялкаларға тұқымдық дәнді екі колхозшы арбадан екі шелекпен салып жатыр екен.

— Колхоз басшылары сеялкаға тұқымды қаппен салуды ұйымдастырмайды, — дейді тракторшы, —ал, сеялка жәшіктеріне тұқымды шелекпен тасып толтырғанша көп уақыт өтеді.

Бұл бригаданы Чернов жолдас басқарады. Оның айтуына қарағанда колхоз басшылары тракторлардың өнімді жұмыс істеуіне қамқорлық жасамаған. Бригадада 10 тіркеуші жетіспейді. Оның үстіне механизаторлар тамақтанған уақытта барлық тракторлар қарап тұрады.

Бригаданың дала қосы жақсы жабдықталмаған. Колхоз председателі Омшин жолдас механизаторларды вагоншамен қамтамасыз етпеген. Колхозда вагонша бар. Бірақ, ол әлі күнге дейін жөнделмеген. Осы себепті механизаторлар селоға барын қонатын болған.

Еңбек ұйымдастырудағы мұндай кемшіліктерді Торанғұл МТС- нің басқа да бригадаларынан кездестіруге болады. «Смычка» колхозында тракторларға жанар, жағар май уақытылы жеткізілмейді. Осы себепті тракторшылар көп уақыттарын босқа өткізеді. МТС пен колхоздың жұмыс шартында бригадаларды жанар аймен колхоз қамтамасыз етуге тиіс.

Торанғұл МТС-нің № 13 трактор бригадасы жұмысқа өте -мөте кеш қосылды. Бұл бригаданың мүшелері Ростов облысынан партияның шақыруымен келген патриоттар. Олар «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында тың жерлерді көтеруге тиіс. Бригадада төрт шынжыр табанды трактор бар. Бірақ МТС директоры көп уақытқа дейін бірде- бір трактор плугін бөлмеген.

☆

Қызыл Тулы бригада

Сталин атындағы колхозда жұмыс істейтін Булаев МТС-нің № 7 трактор бригадасының механизаторлары көктемгі егісті әрі тез, әрі сапалы аяқтау мақсатымен өзара социалистік жарысты күн сайын өрістетуде. Мұнда сменалық тапсырмаларды орындамайтын бірде-бір тракторшы жоқ. Ал, механизаторлардың өзара социалистік жарысында алда келе жатқан Х. Ысқақов, А. Цакаев, А. Сәрсенбаев, Д. Измаилов жолдастар тапсырмаларын үнемі асыра орындайды.

Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына тіркеуші М. Жұсынов, М. Асламбеков, А. Салаєюк жолдастар едәуір үлес қосуда. Олар плуттің жұмысқа үнемі әзір болуын, жердің тиісті тереңдікте жыртылуын қамтамасыз етіп келеді. Сол сыяқты, су және май тасушы Ж. Дауедов, Ж. Мағзұмов жолдастар да тракторларға су мен майды кезінде жеткізіп тұрады.

Осының нәтижесінде бригададағы әрбір 15 аттық күші бар трактор жұмсақ жерге айналдырғанда 100 гектардан астам жер жұмыстады.

Трактор бригадаларының социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындаудың барысын қорытындылауда А. Раббасов жолдас басқаратын № 7 трактор бригадасының алда келе жатқаны анықталды. Сондықтан МТС басшылары бұл бригадаға МТС-тің көшпелі Қызыл Туын берді.

Қызыл Тулы бригаданың коллективі қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуге барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдыруда.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Булаев ауданы.

Жарыс қыза

совхоздарда шабылған шөп, орылған егіннің сабаны мен топаны ысрапқа ұшырады. Міне, бұл фактілердің барлығы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге керісінше әсер етіп, зиянын тигізді. Ол колхоздар мен совхоздарда мал қыстату нашар жағдайда өтті, малдың шығыны болды.

Мұндай жағдай көбінесе Ленин ауданының колхоздарынан кездесті. Бұл ауданның Калинин атындағы, Аманкелді атындағы, «Бірлік» колхоздары шөп шабуға әзірліктегі кезінде жүргізе алмай, оны төзгісіз ұзаққа созды. Сөйтіп, көп шабындық жерлердің шөбінің маңызын кетірді. Құнарсыз шөптің малға жұғымы аз болды да, олардың малы қыстан өте төмен күймен шықты. Оның үстіне бұл колхоздарда сабан мен топан жыйнау, шөп сүрлеу жоспарлары да толық орындалмады.

Өткен жылғы осылар сияқты елеулі кемшіліктерден ауданның басшылары да (аудандық партия комитетінің секретары Плевако, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Бигожин жолдастар), аталған колхоздардың басшылары да әлі күнге тиісті қорытынды шығармай келеді. Мұны ауданда шөп шабу науқанының әзірліктің өте нашар болып отырғандығы дәлелдейді. Образцовой МТС-де жөндеуден өткізілуге тиісті шөп машиналарының 25,5 процентінің, Куйбышев атындағы МТС- те 11,2 процентінің, Пушкин атындағы МТС-те 10,6 процентінің ғана жөнделгендігі, Ильич атындағы МТС-те бірде- бір шөп машинасының жөнделмей отырғандығы, ауданды тұтас алғанда шөп шабатын машиналардың небары 13,7 процентінің жөнделгендігі қынжыларлық іс. Бірақ, бұл жағдайға аудан басшылары немкетті қарап, жайбарақаттыққа салынып келеді.

Мұндай кемшіліктер Октябрь ауданы—малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде мемлекеттік тапсырмаларды ойдағыдай орындаудың кепілі. Атап айтқанда, мал шаруашылығын өркендету жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойған міндетін мінсіз орындап шығу осы жұмыстардың тыңғылықты жүргізілуіне, үлгілі аяқталуына байланысты.

Табиғи шабындықтардағы шөптерді шауып, жыйнаумен бірге екпе шөптерді, тамыржемісті дақылдарды, сондай-ақ сүрленетін шөптерді де мол дайындау мәселесіне осы бастан ерекше назар аудару керек. Малдың бұл аталған азықтарын мол өтіп дайындап алмайынша, малдың құнарлылығын, әсресе сыйыр малының құнарлылығын арттыруға болмайды. Мұны әрбір мал өсіруші естерінде мықтап сақтауға тиіс.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитеті республиканың колхоздары мен совхоздарын да, МТС- тері мен ММПС- терінде пішен шабу, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарына әзірлік ісінде орын алып отырған елеулі кемшіліктерді атап көрсетіп, оларды шұғыл жоюдың, барлық колхоз бен совхоздарда жемшөпті мол дайындаудың нақтылы шараларын белгілеп берді. Облыстың партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуын ұйымдастыруға тиіс.

Көзір шөп шабуға әзірліктің жауапты кезеңі. Бұл жұмысты кезекке қоюшылыққа төзуге болмайды. Шөп шабу науқанына әзірлікті ұзаққа созбай, оны көктемгі егіс жұмыстарымен бірге ұштастыра жүргізу керек.

Шөп шабу науқанына әзірлік барлық колхоздар мен МТС, совхоздарда зор ұйымшылдықпен және қызу қарқынмен жүргізілсін.

Еңбекшілер депутаттарының Киев облыстық және Переяслав-Хмельницкий аудандық және қалалық Советтерінің бірлескен мерекелі сессиясы

ПЕРЕЯСЛАВ-ХМЕЛЬНИЦКИЙ. (Киев облысы), 16 май. (СОТА). Ежелгі Переяслав-Хмельницкий қаласы. Мұнда мұнан үш ғасыр бұрын украин халқының көрнекті ұлы, колбасшысы және мемлекет қайраткері Богдан Хмельницкий, даңқты казак әскерлерінің өкілдері, бүкіл украин халқы орыс халқымен мәңгілік бірге болуға өздерінің еріктерін білдірді. Дәл осы жерде туысқан екі халықтың айнымас достығы бекітілді.

Бүгін қала жасарған және мерекелегідей. Киевтен және облыстан келген көптеген қонақтарды қуанышпен қарсы алысуда. Мұнда, аудандық Мәдениет сарайында Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығына арналған еңбекшілер депутаттарының Киев облыстық және Переяслав-Хмельницкий аудандық және қалалық Советтерінің бірлескен мерекелі сессиясы болды.

Таңертеңгі сағат 11. Президиум столына—Украин Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары А.И. Кириченко жолдас, Украин ССР-нің Министрлер Советінің председателі Н. Т. Кальченко жолдас, Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Д. С. Коротченко жолдас және басқалары келді.

Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы туралы Украина КП Киев облыстық комитетінің секретары Г. Е. Гришко жолдас баяндама жасады.

Мұнан кейін Андреев атындағы Киев темір жол депосының нұсқаушы-машинисі, Социалистік Еңбек Ері С. И. Голубицкий, Переяслав- Хмельницкий ауданының Котовский атындағы колхозының председателі Бережной, украин жазушысы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Гончар сессияда украин және орыс халқының туысқандық достығын сыйпаттайтын тамаша сөздер сөйледі.

Украин КП Орталық Комитетінің, Министрлер Советінің және УССР Жоғарғы Советі Президиумының атынан сессияға қатысушыларды Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Д.С. Коротченко жолдас құттықтады.

Сессиядан кейін үлкен концерт болып, оған ССР Одағы Үлкен театрының артистері және Украинаның Мемлекеттік халық хоры қатысты.

[illegible] өз міндеттерін өте ұқыптылықпен, тез атқарулары нәтижесінде жұмыс өнімділігі артуда. Тұқым себуде жүрген тракторшы Қ. Алпысов жолдас тракторды екінші шаршаңдықпен жүргізеді. Мұның бәрі агрегаттың сменалық тапсырманы 110—120 процеттен орындауын қамтамасыз етіп келеді.

Е. ҚАСЫМОВ.

Тұқым жақсы

«Путь Ильича» колхозының (Октябрь ауданы) колхозшылары дәнді дақылдар тұқымын дәрілеуді агротехникалық ережелерге сай жүргізуде. Тұқым дәрілеу жұмысын мұнда колхоз агрономы А. Жданов жолдас басқарады.

Бұл жұмыста жүрген В. Скрепникова, Т. Гартман, Қ. Қойшыбаева, Б. Жәкенова жолдастар қажырлы еңбек етуде. Осы күндік тапсырмаларын үнемі 145—150 процент орындайды. Олар аз күн ішінде 2300 центнерден астам дәнді дақылдар тұқымын дәріледі тұқымның сапасы жақсы.

Қ. МАҚАТОВ.

[illegible] атындағы колхоздарда тың жерлерді жыртуды көктемнің алғашқы күнінен бастап үлгілі ұйымдастыруға болатын еді. Бірақ, МТС директоры Петров және бас агроном Почупайло жолдастар колхоздардың жер жағдайының ерекшеліктерін ескермеді. Олар жердің тұтас құрғауын күтті. Сөйтіп, аталған колхоздарда егіс жұмыстарының кең өріс алуына қолайлы жағдай туғызбады. Осының салдарынан бұл колхоздарда тың жерлерді жырту өте-мөте кеш басталды.

Айта кетуіміз керек, бұл МТС-те трактор бригадаларының көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспарлары быйылғы көктемнің кеш басталуына сәйкес жасалмаған. Бригадалар дала жұмысын жоспарда көрсетілген мерзімнен 10—15 күн кеш бастады. МТС басшылары жоспарды нақтылы жағдайға байланысты қайта жасауды керек деп таппаған. Сондықтан тракторлардың көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспары тек қағаз жүзінде ғана қалып келеді, ол жоспарларды жұмыс барысында басшылыққа алып отырған бірде-бір трактор бригадасы жоқ.

Біз МТС -тің № 7 трактор бригадасын- [illegible] ты Образцовой МТС-інде де орын алған. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда көктемде 25 мың гектар жерге жаздық егіс егіледі. Оның 8 мың гектары тың және тыңайған жерлерге егілуі керек. МТС қамтуындағы колхоздарда 86 трактор жұмыс істеп жүр. Ал, осы күш дала жұмыстарына өнімді пайдаланылмайды. Мұнда тракторлар сапасыз жөнделгендіктен олардың жүруінен сынып босқа тұруы көп. Саютина жолдастың басқаруындағы трактор бригадасында бір шынжыр табанды трактор жұмыстың бірінші күнінде тоқтап қалған. Смағұлов жолдастың бригадасындағы «С—80» тракторы МТС орталығынан егіс басына жетпей сынған. Тракторлардың сынып тұруы МТС-тің барлық бригадаларында кездеседі.

Облыста егіс жұмыстарының қолайлы мерзімдері өтіп барады. Мұның өзі тракторлардың қуатын пайдаланудағы кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді. МТС басшылары озат трактор бригадаларының іс тәжрибелерін көпшілік игілігіне айналдырып, жалпы МТС бойынша зор өрлеу туғызулары қажет. Сонда ғана егісті қысқа мерзімде сапалы өткізуге болады.

М. БАЙСЕЙТОВ.

Баян МТС-нің қамтуындағы Киров атындағы колхозда жұмыс істейтін Социалистік Еңбек Ері И. Калмыков жолдас басқарған № 17 трактор бригадасының коллективі көктемде 360 гектар тың жер жырытты. Ол жерлерді агротехникалық жағынан жақсы өңдеді және оғам тұқым септі.

Бригададағы механизаторлардың өзара социалистік жарысында партиямыздың шақыруы бойынша тың жер игеруге көмекке келген А. Рябов, Б. Шлычков жолдастар алда келеді. Олар егіс жұмысының барысында «ДТ—54» тракторымен қалтқысыз жұмыс істеп жүр. Жұмыстың қандай түрінен болса да сменалық нормаларын үнемі артық орындауды олар әдетке айналдырған.

Сол сияқты, тракторшы комсомолец Қ. Данияров жолдас та тапсырмасын күн сайын 110—120 процент орындайды.

Механизаторлар техника қуатын өнімді пайдалануды әлі де жақсарта отырып, көктемгі егісті таяудағы күндерде аяқтауды қамтамасыз етпек.

Б. РАМАЗАНОВ.

Преснов ауданы.

Бүгін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

II

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясында жүргізілген және жүргізілетін барлық құрылыстардың жалпы көлемі екі миллион текше метр болады. 1939—1941 жылдардағы 20 мыңға жуық колхоздардың, мыңдаған совхоздың, бес жүз дерлік МТС-тің, төрт жүзден астам ауылшаруашылық ғылми-зерттеу мекемелерінің, жүздеген мың ауыл шаруашылығы озаттарының табыстары көрсетілген көрменің құрылыстарының көлемі 900 мың текше метр болған еді.

Осы салыстыруға байланысты үстімізде гі жылы ашылатын көрменің үлкендігін білу қыйын емес. Қатысушылар оның жүздеген үйлерінен жоғары өнімді бидай бауларынан бастап және ауылшаруашылық авиациясының самолеттеріне дейін сан алуан әртүрлі мыңдаған экспонаттарды көреді.

«Мақта» павильонына келіп, олар өткен жылы 5400 гектар алаңның әрбір гектарынан 32 центнерден мақта өсірген «Пахта- арал» казақ колхозының жұмыс тәжрибесімен танысады. Олар «Астық» павильонынан Урал мен Сибирьдің бірқатар колхоздарының мысалынан астық өңдіруді ұлғайту үшін тың және тыңайған жерлердің қаншалықты зор резерв екендігін біледі. «Жер шаруашылығы» павильонында дүрыс ауыспалы егісті игерген, сортты тұқым шаруашылығында ірі жетістіктерге жеткен колхоздардың, совхоздардың, ғылми- зерттеу және тәжрибе мекемелерінің табыстары көрсетілетін болады. Туысқан одақтас республикалардың павильондарында қатысушыларға ауыл шаруашылығы саласындағы табыстары ғана емес, сонымен бірге көп ұлтты еліміздің халықтарының өзінің мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениетін дамытуының күәсі болып табылатын орасан зор табыстары да көрсетілді.

Көрме үстіміздегі жылдың 1 августысында ашылады. Көзір әрбір павильонның ішінде творчестволық еңбек қыза түсуде. Залдар мен стендерді жабдықтау жүргізілуде, паннолар жасалуда, скульптурлық суреттер салу аяқталуда. Еліміздің барлық түпкірлеріне сақтықпен буылып түйілген экспонаттар келе бастады.

Көрменің үлкен, толғантатын тақырыпқа —совет адамдары Коммунистік партия мен Совет үкметінің еліміздің экономикасы мен қорғанымпаздық күшін онан әрі дамытуға, совет халқының материалдық әл-ауқатын, тұрмыс дәрежесін үздіксіз көтеруге, ССРО еңбекшілерінің коммунизмді қалай құрып жатқанына бағытталған саясатын қалай жүзеге асырып жатқанына арналған бас павильонына кірейік.

Бас павильонның үйі тоғыз көрме залдарынан тұрады.

...Орталық зал біздің дәуіріміздің ұлы документіне —ССРО Конституциясына арналған. Оның көптеген метр биіктікке үлкен күмбезге қарай кететін, ортасында алтын жұлдыз бен даңқ гүлі бар ішініш ағаштары әлі түсірілмеген. Бұл залдың бай ернеумен жиектелген жоғарғы жағында

Ерікті елдердің мәңгілік одағын
Орыстың ұлы елі құраған
Жасасын алып ел—Советтер Одағы,
Елдердің өзінің еркімен құралған

деген жазу оранған, одақтас республикалардың 16 гербтері мен лепті фризі бар негізгі элементтерін көзірдің өзінде білуге болады. Шеткі қабырғаларында ССРО Конституциясының статьяларына арналған төрт үлкен панно ұшін аландар даярланған. Бұл панноны көзір көркем сурет Академиясының президенті А. М. Герасимов басқарған творчестволық коллектив жазуда.

Вестибюльде скульпторлар біздің еліміздің зор байлығын көрсететін Совет Одағының екі үлкен рельефті картасын дайындау үстінде еңбек етуде. Мұнда павильон ұшін біздің Отанымыздың революциялық өткенінен карталар жазған совет көркем сурет өнерінің шебері Соколов —Скальдың көзірдің өзінде орнатылған жұмыстарын және профессор Крестовскийдің Ұлы Октябрьдің жеңуі ұшін күрескен патриоттарды бейнелеген екі скульптурлық суретін көруге болады. Павильонды жабдықтау ұшін ССРО көркем сурет Академиясының толық мүшелері А. А. Дейнека және Д. А. Налбандян совет халқының партияның XIX съезінің қарарларына қалай ұн қосқанын кең көлемде көрсететін өзінің еңбектерін әкеліп қояды.

Белгілі скульптор Е. В. Вучетич басқарған творчестволық коллектив залдардың бірінде біртұтас жеңіпмаз қатарда келе жатқан совет адамдарын көрсететін бірнеше метрлік горельеф жасайды.

Күннен-күнге бұрынғыдан да көрі әдемі, социалистік мәдениеттің тарихына мықтап кіретін искусстволық шығармаларға бай Бас павильонның ішін жабдықтауға көптеген оңдаған мың адам еңбек етуде.

...Қабырғалары сайын сарай павильондардың қатары созылып жатқан, Орталық алаңның сыртында кең аллеяның бітер жерінде «Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонының металл конструкциялары көтерілген.

Айна шынымен жаппай көмкерілген арканың кіреберісінен кейін бұл павильонның зор эллингті еске түсіретін жарыққа бөленген бөлмесі ашылады.

Бұл күрделі инженерлік құрылыстың көлемін бірден білу қыйын. Бұл ұшін жақын келетін цифрларды еске салып, ортасында: «жүргізуші! Павильонға кіреберде жылдамдық сағатына 5 километр» деген жазу мен леп белгісі бар үлкен плакаттарға назар аударасыз.

Бетондалған кең жол павильонды ортасынан кесіп өтеді. Оның екі жағынан кезірдің өзінде арнаулы постаментке бірсыпыра ауылшаруашылық машиналары мен құрал- жабдықтары әкелін қойылған. Барлығы 850-ге жуық экспонат жыйналады. Бұлар жоғары өнімді және үнемді «С—80», «ДТ—54», «Кировец—Д—35» шынжыр табанды тракторлары, астық комбайндары, картоп, кендір, қызылша жыйнайтын комбайндар, шымтезек-шірінді құмыралар дайындайтын станок, өздігінен жүретін шөп машинасы, цельнометалдық күрделі молотилка, астық кептіргіш және басқа да көптеген машиналар. Кезірдің өзінде павильонда қойылатын барлық машиналардың төрттен бірі әкелінді.

Брезенттермен қапталған машиналардың жанынан өтетін жол павильонның ең шетіндегі дөңгелек залға әкеледі. Конструкторлар советтік құрылыс техникаларының қуаттылығын бейнелейтіч бұл тамаша құрылыстарды заңды мақтаныш ете алады.

Биіктігі 75 метрге жететін бұл зал жүздеген электр шамдары орнатылған жұқа қылы болат конструкциялы зор шыны күмбездерімен байланыстырылған.

Залда ондаған адам жұмыс істеуде. Олардың біреуі кезіргі бар 1,5 мың киловатт гидротрубинаның моделін түзеуде, басқалары жарықтандыру линиясын таратуда, үшіншілері жабдықтау жұмысымен шұғылдануда.

Ағаш тіреулерге уақытша орналасқан скульпторлар үлкен композициялық істі аяқтауда.

Бұл Маркстің —Энгельстің —Ленинніің —Сталиннің туларын көтерген совет адамдарын бейнелейтін скульпторлар тобы. Күмбез түбінің үстінен жоғары 16 одақтас республикалар гербтерінің кең қола белдеулерін орнату кезірдің өзінде аяқталған.

Тұрақты қызмет ететін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі өзінің мыңдаған қатысушыларын—ауыл шаруашылығының озаттарын —миллиондаған келушілерді қабылдауға әзірленуде.

М. КЕЛЧЕВСКИЙ,

Москва, май 1954 жыл.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совхоз үгітшілері

Преснов совхозының механизаторлары мен жұмысшылары көктемгі дала жұмыстарын қызу жүргізуде. Совхоз үстіміздегі жылы барлық дәнді дақылдар егісі көлемінің әрбір гектарынан 16 центнердей өнім алуға міндеттенген болатын. Кәзір совхоздың механизаторлары мен қызметкерлері өздерінің алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек етіп, егі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетуде.

Совхоздағы бұқаралық- саяси жұмыстың барлық түрі көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы аяқтауға бағытталған. Бұл күндері совхоздың трактор бригадалары мен дала қостарында құрамында 38 адамы бар үгіт коллективі жұмыс істейді. Олардың көпшілігі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде үгіт жұмыстарына белсене қатысқан, бұқарамен жұмыс жүргізуде тәжрибелері мол, саяси сауатты жолдастар. Үгіт коллективінің жұмысын совхоз партия ұйымының секретары Ращупкин жолдастың өзі басқарады.

Партия ұйымы дала жұмыстарының алғашқы күндерінде әрбір бригадада үгітшінің «Жауынгерлік листоктың» редакторы болуын қамтамасыз етті.

Партия ұйымы тарапынан үгітшілердің жұмысы, өткізілген әңгіменің мазмұны, тыңдаушыларды өзіне тартуы үнемі бақылауға алынып отырады. Бұл үгітшінің өз ісіндегі жауапкершілігін арттырып, оның механизаторлар арасындағы саяси- бұқаралық жұмысты идеялық жағары дәрежеде жүргізуіне айтарлықтай ықпал жасауда.

Үгітшілер Лукьянченко, Слуцев, Попов, Шеин жолдастар және басқалары механизаторлар арасында үнемі болып, өздерінің мазмұнды жүргізген саяси жұмыстары арқылы олардың құрметіне бөленуде. Аталған үгітшілер саяси, шаруашылық тақырыптарда әңгімелер өткізеді. Егіншілерге соңғы хабарларды айтады. Совхоз механизаторлары мен жұмысшылары халықаралық жағдай, соның ішінде сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі жөніндегі әңгімелерді зор ынтамен тыңдайды.

Совхоздың әрбір бригадасында әрбір бескүндік сайын жауынгерлік листоктар шығып тұрады. Механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа қорытынды жасалып, жарыста озып шыққан механизаторға бригаданың ауыспалы жалауы тапсырылады.

Бригадаларда үгіт жұмыстарының жақсара түсуі көктемгі дала жұмыстарының барысына айтарлықтай әсер етуде. Кәзір совхозда озат бригадалар, сменалық нормаларын асыра орындайтын алдыңғы қатарлы механизаторлар көптеп саналады. Мәселен, Буть жолдастың бригадасы төрт жұмыс күні ішінде дәнді

Партия ұйымының басшылығымен

Мол өнімнің негізі көктемгі егіс кезінде қаланады. Егіс жұмыстары неғұрлым қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілсе ғана егіннен мол өнім алуға болатынын тәжрибе көрсетіп келеді. Сондықтан партиялық-ұйымдық және партиялық- саяси жұмыстарды мейлінше өрістете отырып, көктемгі егіс жұмыстарының үлгілі өткізілуіне жетісу—бастауыш партия ұйымдарының бүгін таңдағы әрі абройлы, әрі жауапты міндеті.

Бұл талаптарды жүзеге асыруда Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозы партия ұйымының жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Колхоз партия ұйымы күнібұрын егіс кезінде жүргізілетін партиялық- ұйымдастыру және партиялық -саяси жұмыстардың жоспарыч жасап, оны партия жыйналысында бекітті. Сол сыяқты, үгіт коллективінің құрамын іскер, білімді тәжрибелі адамдармен толықтырды. Көктемгі дала жұмыстары кезінде саяси- бұқаралық жұмыстарды күнделікті міндеттермен ұштастыра жүргізудің нақтылы шараларын белгіледі. Коммунистер өндірістің ең жауапты участоктеріне тағайындалып, олардың жұмысы партия ұйымы тарапынан қатаң бақылауға алынды.

Мұнымен бірге, егіншілер арасындағы партиялық- саяси жұмыстарды жақсарту мақсатымен трактор бригадаларында партия және комсомол топтары ұйымдастырылды. Кәзір осы колхозды қамтыйтын Совет МТС-нің № 3 трактор бригадасында коммунист Михаил Игнатенко басқаратын партия тобы, ал, № 1 комсомол жастар бригадасында кубаньдық комсомолец Александр Просков жолдас басқаратын комсомол тобы жұмыс істейді.

Партия ұйымы көктемгі дала жұмыстары кезінде жүргізілетін партиялық- ұйымдық және партиялық- саяси жұмыстардың жоспарын жасаумен қанағаттанып отырған жоқ, сонымен қатар ол жоспарларда белгіленген шаралардың жүзеге асырылуын айтарлықтай ұйымдастырып, егіншілер мен механизаторларды жаңа еңбек табыстарына жұмылдырып келеді.

Егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап-ақ әрбір трактор бригадалары мен дала қостарында саяси- бұқаралық жұмыс қызу жүргізіле бастады. Үгітшілер егіншілер мен механизаторлар арасында жиі болып, сентябрь және февраль -март Пленумдарының қаулылары жөнінде және басқа тақырыптарда әңгімелер өткізді. Газет, журналдардан және көркем әдебиеттерден қызықты үзінділерді дауыстап оқуды ұйымдастырды.

Колхоздың үгітшілері И. Миронов, Л. Компаниец жолдастар және басқалары егіншілер мен механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа уақытылы қорытынды жасап, әрбір бескүндік сайын

басқа механизаторларды да қатты ойландырды. Сын мақала бригаданың өндіріс жыйналысында талқыланды. Мұнда Шлегель және Кох жолдастар өздерінің кінәсін жолдастарының алдында мойындап, алғы күндерде сменалық тапсырмаларын асыра орындауға, социалистік жарыста озып шығуға уәде берді. Кәзір И. Шлегель және И. Кох жолдастар сменалық нормаларын үнемі асыра орындауға жетісіп жүр.

Бригадада партиялық- саяси жұмыстардың күнделікті шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілуі көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде, сапалы аяқтауға мүмкіндік беріп келеді. Мәселен, коммунист Игнатенко жолдастың бригадасы механизаторлар арасында еңбекті үлгілі ұйымдастыра отырып, тракторлардың тоқтаусыз жүруіне жетісуде. Соның нәтижесінде бригада осы көктемде игерілетін 160 гектар тың көтеріп, оның бәріне қатты бидай тұқымы себілді.

Бригаданың озат механизаторлары коммунист Тимофей Брюховец «С—80» тракторымен смена сайын 10,2 гектардың орнына, 10,5—11 гектар тың көтеріп жүр. Брюховец жолдас өзінің өнімді жұмыс істеуімен қанағаттанып қоймай, тракторшы И. Чернобаев жолдастың да озаттар қатарына қосылуына жетісті. Чернобаев жолдас егістің алғашқы күндерінде трактор қуатын жете пайдаланбай, болмашы себептермен тоқтай берді. Бұл уақытта коммунист Брюховец жолдас оған көмекке келіп, өзінің жұмыс тәжрибесін үйретті. Сөйтіп, оның озаттар қатарына қосылуын қамтамасыз етті.

Партия ұйымы трактор бригадаларының егіс бригадаларымен ынтымақтаса жұмыс істеуіне де баса назар аударып отырады. Партия ұйымы колхоз басқармасымен келісе отырып, трактор бригадаларында тіркеуші жанар, жағар майларын тасушы, асбасшы болып істеу үшін өз жұмыстарына көңіл қоя істейтін, тыңғылықты колхозшыларды бөлді. Сөйтіп, тракторлардың тоқтаусыз жүруіне, бригадалардың ынтымақпен жұмыс істеуіне жетісті.

Алайда, колхоз партия ұйымының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір дала қостарында саяси- бұқаралық жұмыс өз дәрежесінде жүргізілмей отыр. Г. Коноплянко, А. Можганов сыяқты, үгітшілер өз жұмысына немкетті қарайды. Бригадаларда оқта-текте ғана болады. Партия ұйымы бұл үгітшілерден саяси- бұқаралық жұмысты жақсартуды талап етпеді, олардың жұмысын бақылауды жеткілікті ұйымдастырмады.

Колхоздың барлық дала қостарында қызыл мүйістер ұйымдастыруға толық мүмкіншіліктер бар. Әйтсе де, партия ұйымы осы мүмкіншіліктерді жете пайдала-

[illegible] мүйісін ж-

К. МЕЙРАМОВ.

УКРАИНАНЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ

Облыс егіс даласының еңбекшілері бүкілхалықтық мереке— Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіндегі вахтаға тұрып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Булаев ауданындағы Калинин МТС- нің тәжрибелі тракторшысы Евгений Буянов басқарған трактор бригадасы тамаша табыстарға ие болды. Калинин атындағы колхозда тың жер көтеруде жұмыс істеп, бұл бригаданың механизаторлары тың көтеру графигін мүлтіксіз орындайды, агротехникалық ережелерді қатаң сақтайды. 300 гектар тың жер 20 — 22 сантиметр тереңдікте жыртылды. Дәнді дақылдар себу жұмысы өңделген жерге, шығымдылық сапасы жақсы тұқым себу арқылы жүргізілді.

Сталин облысынан облысымызға тың көтеруге келген дизель жүргізушілер Лука Копанишин, Виктор Лоскутников, Павел Лященко жолдастар және басқалары күн сайын норма бойынша 12 гектар орнына 15—17 гектар жер жыртады. Дәнді дақылдардан мол өнім алу жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, олар Васильев және Шовкунов жолдастар басқарған дала бригадалары мен бірге барлық егіс көлемінің әр гектарынан 100 пұттан өнім алуға міндеттенді.

Буянов жолдастың трактор бригадасы егіс жұмыстарының алғашқы күндерінде жеңіп алған МТС дирекциясы мен партия ұйымының зуыспалы Қызыл Туын қолда берік ұстауда.

Озаттардан үлгі ала отырып, Владимир Можеевтің басқарындағы бригаданың механизаторлары да ұйымшылдықпен еңбек етуде. Мұнда тракторшылардың барлығы да нормаларын асыра орындап отырады. Тың көтеруге келген Виктор Самков пен Михаил Агафонов смена сайын 6—7 гектар орнына, 8—10 гектар тың жер жыртады.

Калинин атындағы МТС-тің механизаторлары Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын тың көтеруде тамаша табыстармен қарсы алғалы отыр. Жыртылған 3500 гектар тың жердің 2 мың гектарына жуығына кәзірдің өзінде дәнді дақылдар егілді.

Темекі егу жоспарын орындады

Октябрь ауданындағы «Путь Ильича» колхозының мүшесі Иван Филиппович Гартман басқарған темекішілер звеносы өткен жылы 15 гектар темекі егісінің әр гектарынан жоспар бойынша 6 центнер орнына 12,5 центнерден өнім жыйнап, колхозға темекі өсіруден 119 мың сом пайда түсірген болатын.

Темекішілер бригадасы быйылғы жылы да темекіден мол өнім алу үшін егіске ерте бастан сапалы әзірленді. Сөйтіп, темекі егісін 5 майда агротехникалық ережелерге сай аяқтап шықты. Колхозда 15 гектар жабайы және 5 гектар тұқымдық темекі егілді.

Петропавл қаласы көркейтілуде. Жол қызметкерлері көшелерге тас төсеп, тегістеу жұмысына кірісті.

СУРЕТТЕ: Қалалық жол құрылысының бригадирі **К. Хорошун** және тас төсеуші **А. Волков** Карл Маркс атындағы көшеге тас төселетін жерлерді белгілеп отыр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Қамқорлыққа алынған МТС-те

Петропавл паровоз депосының коллективі өзінің қамқорлығына алған Суворов МТС-іне және оның қамтындағы колхоздарға зор көмек көрсетуде.

Жуырда депо бастығы Поляков жолдас басқарған делегация МТС-ке барып қайтқан болатын. Делегация құрамында депоның таңдаулы токарлары мен слесарьлары және басқа да жұмысшылары болды. Олар бұл жолы МТС трактор бригадалары үшін құрал-саймандар, екі жанар май тасушы машина, 20 көрсеткіш тақта, кітапхана, шахмат, дойбы әкелін берді.

Өткен кездесу кешінде МТС директоры Верткин жолдас колхоздағы егіс жұмыстарының жайын хабарлап, МТС коллективінің алда тұрған міндеттері туралы айтты. Бұдан кейін паровоз депосының мамандары сөз алып, өздерінің өндірістік тапсырманы орындау жолындағы табыстарын баяндады.

Слесарь Урушин жолдас еңбек өнімділігін арттыра отырып, кәзіргі уақытта 1966 жыл есебіне жұмыс істеп жүргенін айта келіп, МТС-тің Грауверг жолдас басқарған трактор бригадасын социалистік жарысқа шақырды. Жауап ретінде сөз алған Грауверг жолдас үстіміздегі жылдағы трактор жұмысының жоспарын 125 процентке орындауға міндеттеме алды.

Сол сыяқты, Слонов жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері слесарь Сергеев жолдастың социалистік жарысқа шақыруын қуаттап, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Олар себілген барлық дәнді дақылдар егісінің көлемінен орта есеппен 14 центнерден, ал жаңа жерге егілген дақылдардың әрбір гектарынан 20 центнерден өнім алуға серт берді.

Тың және тыңайған жерлерді игеріп, астық өндіруді онан әрі арттыру —бүкілхалықтық іс, —деді депо бастығы Поляков жолдас. —Сондықтан МТС пен оның қарауындағы колхоздардың алдында тұрған бұл зор міндеттерін абройлы орындауы жолында біздің паровоз депосының коллективі өзінің қамқорлық көмегін бұдан былай да күшейте береді.

Депо коллективі МТС үшін таяу арада балқыту агрегатын дайындап бермекші. Сондай- ақ колхоздар үшін 10 азық бұдағыш дайындап және «Новый путь» колхозының мал фермаларына үш аспа жол вагонеткаларын орнатып береді.

Кештің соңында МТС пен паровоз депосының коллективі өзара социалистік жарыс шартын қабылдап бекітті. Бұдан кейін паровоз депосына келген өкілдер өз көркемөнерпаздарының күшімен концерт қойып берді.

Қ. ЗАИТОВ.

ВАГОНШЫЛАРДЫҢ СЕРТІ

Вагон жөндеу депосының коллективі Москва қаласы мен Москва облысы кә-

Мұнымен бірге, бұл коллектив 1600 вагонды жетілдірілген, озат әдіспен са-

дақылдар егісі сезілетін 1200 гектар егістік жерге тұқым себер алдындағы өңдеу жұмыстарын жүргізді. Кәзір бригада дала жұмыстарының соңғы күндерін табысты аяқтап келеді.

Совхоздың № 2 фермасындағы № 1 трактор бригадасы алғашқы кезде тапсырманы орындамады.

Үгітші Шеин жолдас бригада мүшелерімен арнаулы әңгіме өткізді, оларға жұмысты ілгері бастыруға бөгет жасап отырған негізгі кемшіліктердің бетін ашып берді. Агроном Давыдов жолдас тракторлардың маршрутын уақытылы белгілемей, оларды орынсыз тоқтап тұруға мәжбүр етті. Сол сияқты ферманың меңгерушісі Попов жолдас бригаданы тұқыммен деркезінде қамтамасыз етпеді. Бұл әңгімеге Попов және Давыдов жолдастардың өздері де қатысты. Бригада коллективі осы кемшіліктерді талқылай отырып, оны жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіледі. Кәзір бригада совхоздағы алдыңғы қатарлы бригадалардың бірінен саналады.

В. СКИБСКИЙ,

ҚКП Преснов аудандық партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі.

ды. Жауынгерлік листоктарда алдыңғы қатарлы еңбек озаттары мен механизаторлардың жұмыс тәжрибелері жазылып, олар басқаларға үлгі ретінде ұсынылды. Сменалық нормасын орындамайтын, өз жұмысына немкетті қарайтын кейбір механизаторлар газет бетінде сынға алынады.

Жақында шығарылған жауынгерлік листоктың бір номерінде механизаторлар И. Шлегель және И. Кох жолдастардың социалистік жарыста артта қалып, түзік трактормен сменалық нормаларын орындамай жүргендігі қатты сынға алынды. Бұл Шлегель, Кох жолдастармен бірге,

мыс істеуін қамтамасыз еткен жоқ. Мұның өзі партиялық саяси жұмысты идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге нұқсан келтіруде.

«Борьба за коммунизм» колхозының партия ұйымы өз жұмысындағы осындай кейбір кемшіліктерді іс үстінде түзеп отырады. Егіншілер мен механизаторларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіріп, олардың көктемгі дала жұмыстарын қыска мерзімде, сапалы аяқтауына, одан мол өнім алуына жетіседі.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Григорьевка селосы.

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚТАРҒА ӘЗІРЛІК

Асанов разъезі партия ұйымының коммунистері партия оқуының үстіміздегі оқу жылында СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде оқып жүр. Быйыл олар партия тарихы «Қысқаша курсының» алғашқы төрт тарауын үйренумен оқу жылын аяқтағалы отыр.

Бұрнағы күні насихатшы Морозова жолдас үйірме тыңдаушыларымен қорытынды сабақтарға әзірлену жөнінде әңгіме өткізді. Әңгіменің барысында тыңдаушылар қорытынды сабақтарда ең күрделі теориялық мәселелерді қайталау жөнінде тілек білдірді. Үйірмеде кемінде екі- үш қорытынды сабақтар өтеді. Онда СОКП Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің «Коммунистік партияның елу жылдығы туралы» тезистері, марксистік диалектиканың негізгі белгілері жөніндегі теориялық мәселелер пысықталады.

М. ӘБУОВ.

Маусымдық балалар яслиі ашылды

Жуырда «Борьба за коммунизм» колхозында (Совет ауданы) маусымдық ясли ашылды. Кәзір мұнда 20 жас бөбек тәрбиеленеді.

Балалар яслиінің меңгерушілігіне тәжрибелі бала күтуші Хотина жолдас тағайындалған. Ал, балаларды тәрбиелеуші У. Вурлаченко жолдас жас сәбилердің уақытты көңілді өткізуін, жақсы тәрбиеленуін ойдағыдай ұйымдастыра біледі.

Қ. ЕЛАМАНОВ.

---

100 ҚОЙДАН— 112 ҚОЗЫ

Облысымыздың совхоздарында қой қозылату жұмысы аяқталып келеді. Бұл жөнінде әсресе, Ұзынкөл совхозының малшылары жақсы нәтижелерге жетті. Мұнда төлдеген әрбір жүз қойдан жоспар бойынша 80 қозының орнына 112 қозы алынды. Қойдан төл алу сол сияқты, Преснов және Совет совхоздарында да табыспен аяқталды.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

спорында[illegible] әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету жөніндегі бастамасын қызу қолдап, кәзіргі бар өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынатын өнімді ұлғайтуға өзінің барлық мүмкіншіліктерін толық жұмылдыруда.

Теміржолшылар күнін лайықты өндірістік тартулармен қарсы алуды көздеген вагоншылар еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыру үшін өздеріне тағы да ұлғайтылған міндеттемелер алды. Мәселен, олар вагондарды күрделі жөндеу участогінде еңбек өнімділігін 16 процент, жылдық жөндеу участогінде 13 процент арттыруға ұйғарды.

вагоншылар вагондардың жолда [illegible] нормасын 6 процент ұлғайтуға міндеттенді.

Вагоншылар еңбек өнімділігін арттыру, теміржолшылар күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыста бұл міндеттемені ішкі мүмкіншіліктер мен резервтерді есептей келіп алды. Сондықтан да олар алған көтеріңкі міндеттемелерін сөзсіз орындап шығады. Бұған олардың алғашқы қол жеткен табыстарының өзі-ақ толық айғақ.

Ө. КЕМЕЛБАЕВ.

Ауыл шаруашылығының заказдарын орындауда

Қаладағы «Молот» кәсіпшілік артелінің коллективі Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты өрістету жөніндегі бастамасын қуаттай отырып, өнім шығаруды айдан айға ұлғайтуда.

Артель жаңадан құрылатын тың және тыңайған жерлерді игеретін совхоздар, сондай-ақ колхоздардың трактор бригадалары үшін бұйымдар шығаруға міндеттенген болатын. Кәзір артель коллективі бұл өнімдерді, әсресе, үй шаруашылығына қажетті бұйымдарды көптеп шығарып жатыр.

Мұнда осы күннің өзінде 6 мыңнан астам шелек, 615 кровать, 1300 бет-қол жуатын аспалы құмал, 90 астау, 223 табақ үй төбесіне жабатын қаңылтыр, 510 есік баспаларын, 1527 астық кептіретін плиталар жасап шығарды.

Ә. ӨСКЕНБАЕВ.

КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ ЛЕНИНДІК ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

(В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының баспадан шығуының 50 жылдығына)

1954 жылғы майда В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» дейтін данышпандық еңбегінің жарыққа шыққанына 50 жыл толады. Лениннің бұл шығармасы біздің Коммунистік партиямыздың, барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының құрылысы мен жұмысының программалық документі болды.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» дейтін кітапта жан- жақты белгіленген, В. И. Лениннің бұдан кейінгі шығармаларында, СОКП қарарлары мен документтерінде, Лениннің ісін алға апарушы көмеңгер И. В. Сталиннің еңбектерінде және Лениннің басқа шәкірттерінің еңбектерінде ілгері дамытылып, СОКП Уставында толық бейнеленген ұйымдық принциптер партияның коммунизм үшін күрестегі қуатты құралы болып табылады. Ленин белгілеп берген басшылық ету принциптері мен партия тұрмысының берік нормаларын өз жұмысында басшылыққа ала отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы совет халқын коммунизмге қарай сеніммен бастап келеді.

* * *

Коммунистік партияның ұйымдық негіздерін белгілей отырып, В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің партия туралы айтқан данышпандық пікірлеріне сүйенді, маркстік теорияның түпкі мәнісіне және империализм мен пролетарлық революциялық заманында орыс пролетариаты мен халықаралық пролетариаттың алдында тұрған тарихи жаңа міндеттерге сүйенді. Ленин империализмнің өкметін құлату және пролетариат диктатурасын орнату үшін II Интернационалдың кейіннен буржуазиялық- реформистік партияларына айналып азғынданған партияларынан түбірімен өзгеше, жаңа тұрпаттағы партия құру қажет деген қағиданы дәлелдеп берді. Ленин меньшевиктерге және олардың қорғаушыларына —орыс жұмысшыларын II Интернационал тұрпатында партиялар құру жолына итермелеген батыс европалық социал- демократиялық партиялардағы оппортунистерге күйрете соққы берді. Міне, мұның барлық елдерде революциялық қозғалысты дамыту үшін өте зор маңызы болды.

Партияның II съезінде Ленин мен оның пікірлестері партия жұмысшы табының алдыңғы қатарлы, саналы, ұйымдасқан, қоғам дамуының заңдарын білумен және революциялық қозғалыстың тәжрибесімен қаруланған отряды болуға тиіс деген маркстік негізгі қағидаларды оппортунистерге қарсы күресте қорғаң қалды. РСДЖП II съезінің тарихи маңызы мынада: ол Россияда лениндік «Искра» ұсынып, белгілеп берген идеялық және ұйымдық негіздерде шын мәнісінде маркстік партия құрды. Лениннің өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басынан бастап Россияда Коммунистік партия құру үшін, марксизмнің ашық және қасырын жауларына, халықшылдық пен «жария марксизмге» қарсы, майдагерлік пен ұйірмешілдікке қарсы, «экономистер» мен меньшевиктердің оппортунизміне қарсы жүргізген қажырлы күресі РСДЖП II съезінде жеңіп шықты. РСДЖП II съезінде жеңіліске ұшыраған меньшевиктер съезден кейін партияға және партиялыққа қарсы өршелене күрес жүргізді.

В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапты РСДЖП II съезінен кейін іле- шала жазған болатын. В. И. Ленин бұл еңбегінде ұйымдық бытыраңқылықты, ұйірмешілдікті, майдагерлікті, монархиялы тәртіпсіздікті ұғыздаған меньшевиктерге күйрете тойтарыс берді. РСДЖП II съезіне әзірлену және оны өткізу кезіндегі күреске терең ғылми талдау жасау негізінде В. И. Ленин меньшевиктердің ұйымдық мәселелердегі оппортунизмін ақырына дейін әшкерелеп, РСДЖП-ның большевиктерге және меньшевиктерге бөлінуінің орасан зор саяси маңызын көрсетіп берді.

Лениннің кітабы жарыққа шығуымен байланысты россиялық меньшевиктердің оппортунизміне ғана емес, сонымен бірге, бүкіл халықаралық оппортунизмге де шешуші соққы берілді. Россияның жұмысшылары қызу қолдаған В. И. Лениннің, оның шәкірттері мен ізбасарларының күресі арқасында меньшевиктердің Россияда реформистік партия құруды көздеген жоспары күйретілін, жермен жексен етілді.

Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында пролетариаттың басшы ұйымы ретіндегі, жұмысшы табының диктатурасын жеңіп алу үшін социализм және коммунизм орнату үшін пролетариаттың қолындағы негізгі қару ретіндегі Коммунистік партия туралы ілімді марксизм тарихында тұңғыш рет белгілеп берді.

В. И. Ленин Коммунистік партияның негізгі ұйымдық принциптерін тұжырымдап дәлелдеп берді, бұл принциптер, сонымен бірге, Коммунистік партияның революциялық маркстік партия, жаңа тұрпаттағы партия ретіндегі ерекшеліктері болып табылады.

* * *

Коммунистік партия жұмысшы табының алдыңғы қатардағы отряды болып табылады, оның себебі ең алдымен сол, бұл партия қоғам өмірінің даму заңдарын білумен, тап күресінің заңдарын білумен қаруланған, сондықтан ол жұмысшы табын ілгері бастап, оның күресіне басшылық ете алады деген қағиданы В. И. Ленин терең дәлелдеп берді. Ленин Коммунистік партия дегеніміз —жұмысшы қозғалысын ғылми коммунизммен ұштастыру дейтін негізгі маркстік қағиданы тұжырымдады. Партия жұмысшы табы мен сан миллиондаған еңбекшілер бұқарасының революциялық күресіне басшылық етуге міндетті. Алдыңғы қатарлы күрескердің ролін, деп ұйретті В. И. Ленин тек алдыңғы қатарлы теориямен қаруланған партия ғана атқара алады.

Жұмысшы табының авангарды және көсемі болып табылатын Коммунистік партияның күші мынада: ол революциялық теорияны творчестволықпен меңгеріп, пролетариаттың таптық күресінің әртүрлі жағдайында революциялық қозғалыстың практикалық мәселелерін шешуде бұл теорияны шебер пайдаланып отырады. Коммунистік партия маркстік-лениндік теорияны революциялық қозғалыстың жаңа тәжрибесімен байытып, оны дамытып, ілгері бастырып отырады, сонымен бірге, теорияның түпкі мәніне сүйене отырып, кейбір ескірген қағидалар мен қорытындыларды тарихи жаңа жағдайға сай келетін жаңа қағидалармен және қорытындылармен ауыстыруға дейін тайсалмай барады. Теория мен практиканың біте қайнасқан бірлігі —Коммунистік партияның жарық жұлдызы.

Жұмысшы табының алдыңғы қатардағы отряды болып табылатын Коммунистік партия туралы лениндік қағида партияның жаңа мүшелерін жеке-жеке іріктеп алу принципі негізінде партияның өз қатарына таптық таңдаулы, алдыңғы қатарлы бөлегін, коммунизм жолындағы озат күрескерлерді іріктеп алуын талап етеді. Лениндік қағида партиядан өз қатарының өсуін қатаң реттеп отыруын талап етеді. Партия өз мүшелерінің саны жағынан алғанда таптаң анағұрлым аз, ал, өзінің саналылығы мен ұйымшылдығы жағынан таптан жоғары тұрады, сондықтан ол, біртұтас топтасқан ұйым болуға тиіс. Партия қатарына жаңа мүшелерді жеке- жеке іріктеп алу принципі СОКП құрамын реттеп отырудың мызғымас негізі болды және бола береді. Партия ССРО жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерінің жауынгерлік авангарды ретінде нығайып, өсіп келеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы, —делінген СОКП Уставында, — жұмысшы табының, еңбекші шаруалардың, еңбекші интеллигенцияның адамдарынан ұйымдасқан пікірлес -коммунистердің ерікті жауынгерлік одағы.

Коммунистік партия —жұмысшы табының ұйымдасқан отряды. Уставтың партияға мүше болу туралы пунктінде РСДЖП II съезінде В. И. Лениннің белгілеп берген тұжырымдамасында партия біте-қайнасқан біртұтас ұйым деген пікір айтылған. Мұның мәнісі —партияның барлық мүшелері біртұтас ортақ отрядқа ұйымдасып, жігер бірлігімен, қиямыл бірлігімен, тәртіп бірлігімен біте-қайнасуға тиіс деген сөз.

Партия қатарының жоғарғы дәрежелі ұйымшылдығы коммунистердің өз міндеттері мен праволарын бұлжытпай орындауымен қамтамасыз етіліп отырылады. Кімде- кім Коммунистік партияның мүшесі болғысы келетін болса, ол программалық, тактикалық және ұйымдық көзқарастарды қабыл алумен ғана тынып қоймай, қайта осы көзқарастарды жүзеге асыру үшін күресуге тиіс. Осы лениндік қағида СОКП Уставының партияға кім мүше бола алады деген екінші пунктінде және коммунистердің міндеттері мен праволары туралы пункттерінде терең бейнеленген.

Барлық тұрақсыз, пролетар емес элементтердің партияға кеңінен кіруін, партияның бытыраңқы, түрлі түсті, бір жүйеге алынбаған ұйым болуын жақтаған меньшевиктер мен троцкишілдерге қарсы шығып, Ленин партияның II съезінде былай деген болатын:

«Бір мылжыңның партия мүшесі болуға правосы және мүмкіншілігі болғанша, жұмыс істеуші 10 адамның өздерін партия мүшесіміз деп атамағаны жақсы (шын қызметкер шен қумайды!)... Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне жоғары көтеруіміз керек...» (Шығармалар, 6-том, қазақ тілінде, 533-534 беттер).

Коммунистік партия әрқашан да партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтеру үшін күресіп келді, мұны өз жеңістерінің аса маңызды шарттарының бірі деп білді. Кәзіргі уақытта, біздің халқымыз коммунистік құрылыстың аса зор программасын орындап жатқан кезде, партия мүшесінің атағы мен маңызының, әрбір коммунистің белсенді болуының әрбір партия ұйымының, бүкіл партияның жауынгерлік қабілетінің шешуші маңызы бар.

Жұмысшы табының ұйымдасқан отряды ретіндегі партия туралы лениндік қағиданың түпкі мәні және мынада: Коммунистік партия —партия мүшелері мен ұйымдарының әншейін есеп жыйнағаны ғана емес, қайта ол басшылық ететін жоғары және төменгі органдары бар, азшылық көпшілікке бағынатын, партияның барлық мүшелері үшін міндетті практикалық қарарлар қабылдайтын партия ұйымдарының комплектісі, біртұтас және сындарлы системасы. Коммунистік партияның ұйымдары стихиялық түрде пайда болмайды, қайта оларды жоғары партия органдары құрады, олар бір- бірінен қол үзіп, оқшауланған ұйымдар түрінде емес,

ОНОРЕ БАЛЬЗАК

(Оноре Бальзактың туғанына 155 жыл толуына)

Бальзак—француз жазушысы. Ол 1799 жылы 20 майда Францияның Тура қаласында туған. Атасы Бальса қарапайым жер кәсібімен айналысқан шаруа болған да, әкесі Франсуа чиновник дәрежесіне дейін көтерілін, фамилиясы Бальсаны Бальзак деп өзгерткен.

1814 жылы Оноре Бальзак үйішімен Парижға көшіп келіп, жеке адамдардың меншігіндегі мектептерде оқыды, келешекте заң қызметкері боламын деген ниетпен нотариусте қағаз көшіруші болып істейді. Бірақ, оны заң ғылымы да, заң қызметі де қызықтырмай, бар ынтызары әдебиетке аударылады.

Бір халық мақтан етерліктей жазушы болу да үлкен аброй; ал, Бальзак Толстой, Салтыков- Щедрин, Диккенс сияқты, бүкіл адал ниетті адамзат мақтан етерліктей, зор сүйіспеншілікпен үнемі еске түсіріп отырарлықтай данышпан жазушы болған. Ол тоқсаннан астам роман жазды. Міне, осындай ұлы жазушы Бальзак капитализм тудырған жоқшылықтың, жетіспеген дүниенің көп азабын басынан кешіріп, 1850 жылы 18 августа Парижде жүрек ауруынан қайтыс болған. Буржуазиялық қоғамға ақша, тұрмыс жағынан табыншты болмауға әрекеттенін, өлерінен аз-ақ уақыт бұрын 1850 жылы Ганская деген помещик әйелге де үйленген.

Бальзак таланттының сырын айтпастан бұрын —капитализмнің күші неде? — деген сұраққа жауап бергіміз келеді. Капитализмнің күші —армиясы мен полициясында, чиновниктері мен сот-прокуратурасында ғана емес, капитализмнің күші —екіжүзділігінде, өзінің жыртқыштық сипатын неше түрлі әдемі сөздермен, мүлаймсіген түрмен, өтірікпен сүркемелей білетіндігінде; алдамен, өтірікпен, екіжүзділікпен ол миллиондаған еңбекші халықтан өзінің қанаушылық, тонаушылық, арандатушылық, басқыншылық кейпін жасырып, өзін киіндіріп отырған, өзін тойындырып отырған, өзіне қабат- қабат үйлер, сарайлар салып беріп отырған, түптеп келгенде өзінің көрін қазушы еңбекшілердің сана- сезімін ұлап, басын айналдыра білетіндігінде.

Ал, Оноре Бальзак ұытты, өткір, халыққа түсінікті, көркемсөздің күшімен капитализмнің осы екіжүзділікпен бүркелген тонаушылық, басқыншылық кейпін тамтығын қалдырмай әшкерелей білген, өзі өмір сүрген кезеңдегі капитализмнің іріп- шіріген жақтарын жалаңаштан, адамның төбе шашы тік тұрарлықтай, ар-ұяты қатты сілкінерліктей етіп әйгілей білген; сөйтіп, өзі алдына ондай тілек қоймаса да халықты капиталистік дүниенің жыртқыштық, аюандық заңдарына өшпенділік рухта тәрбиелеуге көп еңбек сіңірген.

Бальзак шығармалары біздің елімізде жыл сайын жүз мыңдаған данамен басылып шығады. Совет кітап оқушылары: Толстой, Салтыков- Щедрин, Некрасов, Абай, Тоқай сияқты еліміздің классиктерін қандай сүйсінін оқыса, Бальзак мәнзалды ұлы жазушының да асыл мұралары.

Жазушының «Евгения Гранде» деген романында қарт Гранде арқылы дүниеқорлықтың, мүлік, ақша жыйнауға құштарланудың асқынған, шегіне жеткен кейпі бейнеленген. Ыдыс -аяқ, ішіп-жем тұрған шкафтарды жаппай, оның кілттерін қалтасына салып әкетпей қарт Гранде оларды әйелі мен туған қызына да сеніп қалдыра алмаған. Гранденің үйінде әрбір шағым қант, әрбір жапырақнан есептеулі, құлыптаулы. Әкесі ақша күйзелісіне ұшырап, банкрот болғаннан кейін келген інісінің баласы Шарльге аяушылық көлтіруді өтінген қызы Евгенияның сөзіне: «Шарль дегеніңді маған естіртпе. Оның қалтасында ақша дегеннен сақыр тыйыны да жоқ, оның әкесі— қарызын өтей алмай күйзелген адам: ал, мына кербез жылап- жылап, діңкесі қатқаннан кейін бұл үйден өзінен өзі кететін болады» дейді. Әйелінің өлер алдында нашар жатқанын естіп, Гранде әйелге көмек көрсететін дәрігер канша ақша алады екен, соны білу керек еді, деп тықыршыйды.

Әбден ақша мен алтынның жыйнау қызығына түскен, дүниеқорлықпен уланған Гранде өзінің өлер алдында жалғыз қызы Евгенияны шақырып алып, екі көзі шарасынан шығып, екі ыйығынан ентіге демалып отырған қалпында: «Евгения, алтын мен күмістерімді алдыма әкелін жарқыратып төкші. Байлығымды бір көріп өлейін» дейді. Тіпті өлім оған қара бұлттай төніп, тілі байланар уақытқа жеткенде де қылшықтап, тыйындап, біреудің еңбегін қанап, екінші біреуді алдап, үшінші адамды жылатып жыйнаған дүние байлығын есінен шығармай, қызына: «Бәрін де сақтағайсың, шығармағайсың уысыңнан, дүние- мүлік үшін маған ол дүниеде сен жауап беретін боласың» деп тапсырады.

Бальзак «Қарт Горио» атты тамаша романында буржуазиялық қоғам, адамдар арасындағы буржуазиялық қарым- қатынас әке мен баланың арасында болатын туысқандық сезімдерді де көрбілтедей біткен, күйелеп, ластап жіберетінін, әке мен бала арасындағы қарым- қатынаска алтын мен күміс буының дерті жайылып, іріп- шіритінін жеріне жеткізе әшкерелейді.

Қарт Горио өзінен туған үш қызға он мыңдаған франк қалыңдық беріп ұзатады. Үш қызының күйеуі де бай, беделді, ақшалы адамдар болады. Бірақ, олар да тыйын үшін ар-ұятпен мүлдем қоштасқан, адамды адам ететін қасиеттерден жұрдай болған адамдар. Сондықтан, тұрмыска шыққанда көп ақшамен ұзатылған жас бикештер қарт Гориодан ылғый ақша сұрап әкетін жүреді. Горио кедейленіп, қартайып, ауырып, жан тәсілін берер алдында жатқанда туған қыздарына хабар бергізеді. Өлейін деп жатқан әкелерінің көңілін сұрап, онымен қоштасу үшін, оның тағдырын білу үшін үш бикештің бірі де келуді қажет деп таппайды. Олар хабар айтып барған адамға әкеміздің енді бізге берер ақшасы жоқ.

Адамгершілік, достық сыйлау, атақ, құрмет, аброй, махаббат, ақыл, қысқасы адамды көркейтетін жақсы нәрселердің бәрі ақшамен өлшенетін буржуазиялық қоғамдағы семья байланысының күйреуін Бальзак өзіне тән шеберлікпен әшкерелейді.

«Жоғалған үміт» деген романында Оноре Бальзак әкенің туған баласына деген қарым- қатынасын, әке мен баланың арасындағы ақша мүддесінен туған сезімді былайша бейнелейді: «Қарт үшін ақша жұмысында әке деген ұғым да, бала деген ұғым да болмайтын. Егер бұрын Давидке өзімнің жалғыз балам деп қарайтын болса, кейіннен, туған баласы Давид шал үшін бірінің мүдделері екіншісінің мүдделеріне қайшы келетін кәдуелгі сатып алушы болып есептелінді.... Олай болса, туған баласы әкесі жеңуге тиіс душпанға айналды».

Көркем шығармада бір үлкен қасиет болу керек: яғни ол кітап оқушыны ойландыра білуге тиіс, өмірдің өткен, кәзіргі және болашақ көріністерін кестелі суреттер арқылы бейнелеп, сұлу әнді тыңдағандағыдай, көңілмнің сұлу табиғатын көргендегідей, еңбек шашы желкілдеген жас бебекті қолыңызға алардағы қуаныштыңыздай толқыта білуге тиіс. Ал мұндай орасан зор қасиетке ие болу үшін жазушы өмір шындығына әділ тергеушідей, өмір оқыйғаларын талдай білетін , түсіндіре білетін, қорытынды шығара білетін кемеңгер ғалымдай әділ, адал, ақиқатшыл болуға тиіс. Оноре Бальзак осындай қасиеттерді бойына жыйнаған, осы талаптарға толық жауап беретін ұлы жазушы.

Бальзак шығармаларын оқый бастағаныңызда-ақ ол бірден сіздің ойыңыз бен ақылыңызды меңгеріп, білеп, сізді ойландыра бастайды, толқыта бастайды. Оның шығармаларында кездесетін әрбір адамның бет-пішінін (портретін), мінез-құлқын көріп отырғандай әсерде боласыз. Бальзак өзінің кейіпкерлерін сөйлете бастағанда оның мінез-құлқының қандай екені сізге түсінікті бола бастайды. Бальзакты оқып отырғанда кітап оқушы: «Солай ма? Бұл арасы бұлай болмаска, бұл кейіпкерлердің мінез-құлқы мұндай болмаска керек еді?» деп іштей наразылық айта алмайды. Әрине, Бальзак буржуазиялық қоғам құрылысын революциялық жолмен өзгертуді ойламаған жазушы, дегенмен буржуазиялық қоғамның барлық жіркенішті жақтарын айнытпай, дәлме-дәл жалаңаштай білген, әшкерелей білген жазушы.

Мәселен, Бальзактың «Нусингеннің банкелік үйі» деген романын оқыңызшы, сонда 19-ғасырдың бірінші жартысындағы Нусинген мен осы күнгі капитал дүниесіндегі Нусингендерден үлкен ұқсастық табасыз. Романында Бальзак банкир Нусингенге мынадай мінездеме береді:

«Банк—мемлекеттік поставкалар кіретін, арақ-шарап, жүн, бояу, бір сөзбен айтқанда, пайда табуға болатын нәрсенің бәрі кіретін оның кішкене министрлігі еді. Бұл ақша пәнжары депутаттарды үкметке, гректерді-түріктерге сатып жіберуге

Конюхов ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының оқу үйінің меңгерушісі Н. Сысоева трактор бригадаларына жаңа кітаптарды жиі апарып тұрады.

СУРЕТТЕ: (оң жақта) 3-ші бригаданың есепшісі **Н. Грищенконың** оқу үйінің меңгерушісі **Н. Сысоевадан** кітап алып тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Қала көркейтілуде

Облыс орталығының орталық магистралі —Ленин көшесінде жас ағаштар пайда болды. Олар кәзірдің өзінде бұрыштарын жая бастады. Бұл —қалада быйыл отырғызылатын көркейткіш ағаштардың тек шағын бір бөлегі ғана. Быйыл сквердерге, алаңдарға, Октябрь революциясы атындағы алаңға, Пушкин, Кәрім- Сутюшев, Совет көшелеріне және басқа да жерлерге 20 мың түп терек, үйеңкі, шегіршін және 73 мың түп бұта отырғызылады. 22 шаршыметр жерге газондар, клумбалар және гүлдер егу қарастырылып отыр.

Сталин және Петренев көшелерінің бұрышында екі қабат тұрғын үй салынады, қонақ үйі кеңейтіледі, ондағы бөлмелердің саны екі есе көбейетін болады. Қонақ үйіне бумен жылытатын орталық пеш салынады. Автобус тоқтайтын бірнеше алаңдарды асфальттау, жолдарды, тротуарларды жөндеу жоспарланып отыр. Қаланы көркейту мақсатына үстіміздегі жылы үшжарым миллион сомдай қаржы жұмсалғалы отыр.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

«ДӘРМЕНСІЗ БАСШЫ: НӘТИЖЕСІЗ ІС»

Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы

В. М. Молотовтың Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде 1954 жылғы 14 майда жасаған мәлімдемесі

Делегат мырзалар!

Индо- Қытай туралы мәселенің халықаралық маңызы арта түсті. Міне, соңдықтан да Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе Францияның, Великобританияның, Америка Құрама Штаттарының, Қытай Халық Республикасының, Совет Одағының және басқа мүдделі мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде қаралып отыр.

Осында кейде мәселенің тарихына тоқталмау, саяси проблемаларды бір жаққа серпіп тастау, Индо- Қытай мәселесінің соғыс жағымен ғана тыну және сондайлар туралы ұсыныстар жасалуда. Егер біз осы жолға түскен болсақ, онда біз Женева кеңесінің алдына қойылған міндетті шешуде ешнәрсеге де жетпеген болар едік.

Франция үкметінің бұл мәселені Женева кеңесінің қарауына қойып, инициатива көрсеткені, әрине, тегін емес. Францияның, Великобританияның және Америка Құрама Штаттарының сыртқы істер министрлерінің Индо- Қытай мәселесімен де шұғылданған өткен жылғы кеңестерінің жақсы нәтижелерге жеткізбегені де тегін емес. Бұл кеңестерде істің мәнісіне соқпай. Индо- Қытай мәселесінен жалпылама сөздермен құтылуға әрекет жасалды. Сірә, істің қалған жағы қарудың күшімен орындалады деп санаса керек. Бірақ Индо- Қытайдағы соғыс онан сайын жешеуіліп, ұзаққа созылуда. Франция үкметінің бұл мәселені бес ұлы державаның және басқа мүдделі жақтардың өкілдері қатысып отырған Женева кеңесінің қарауына қойып отырғанын осындай қыйын жағдайдың туғандығымен ғана түсіндіруге болады.

I.

Вьетнам Демократиялық Республикасы және Индо-Қытайдағы соғыс

Француз делегациясының басшысы Бидо мырза Вьетнам туралы айта келіп, Вьетнамда азаматтық соғыс болып жатыр деді. Бірақ фактілер басқаны көрсетіп отыр. Вьетнамда азаматтық соғыс емес, Вьетнам халқының екі бөлігі арасындағы соғыс емес, қайта басқа түрдегі соғыс жүргізілуде.

Бұдан 90 жыл бұрын Вьетнам ғана емес, сонымен бірге бүкіл Индо-Қытай Францияның отарына айналды. Бірақ содан бері көп уақыт өтті —бүкіл дүние жүзінде маңызды өзгерістер болды, бұл өзгерістер Азиядағы, соның ішінде, Индо-Қытайдағы істің жайына әсерін тигізбей қоймады.

Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донг Индо- Қытайда болған оқыйғалардың барысын осында көз жеткізе баяндап берді, ал Индо- Қытай халықтарының даму тарихында бұл оқыйғалардың соншалық зор маңызы болды және бұл оқыйғалар Индо- Қытайдағы кәзіргі саяси жағдайды негізінен айқындап берді. Бұл оқыйғалар Индо- Қытайда, ең алдымен, Вьетнамда азаматтық соғыс емес, қайта: Франция тарапынан —отарлық соғыс, ал шетелдің отарлық үстемдігінен өздерінің азат және тәуелсіз болуы жолында күресін жатқан Индо- Қытай халықтары үшін —ұлтазаттық соғысы жүргізілін жатқанын көрсетеді.

1940 жылы Индо- Қытайдағы француз отаршыларының орнына жапон басқыншылары— отаршылары келді. Индо- Қытайдағы сол кездегі француз өкмет орны. түрлі кедергілерге қарамастан, бұл сайлауға сайлаушылардың 90 проценті қатысты. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың басым көпшілігі Вьетнам халқының ұлттық тәуелсіздік пен бостандықка ұмтылған тілегін білдірген Вьетминнің кандидаттары үшін дауыс берді.

1946 жылғы мартта ұлттық жыйналыс шақырылып, ол Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметін құрды. Республиканың президенті болып Хо Ши Мин сайланды.

Жалпыға бірдей сайлау нәтижесінде құрылған үкмет Вьетнам Демократиялық Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, халықтың материалдық әл- ауқатын жақсарту және шетелдің ұзаққа созылған отарлы үстемдігінің зардаптарын жою мақсатын көздеген кең көлемді демократиялық реформалар жүргізуге кірісті.

Вьетнам Демократиялық Республикасының өзінің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресте жеткен табыстары 1946 жылғы 8 ноябрьде республиканың Ұлттық жыйналысының шын мәнісінде демократиялық конституция қабылдауынан да айқын көрінді. Осыдан кейін елде жүргізілген демократиялық реформалардың нәтижесінде жер үшін аренда ақысын азайту туралы және берілген қарыздың процентін кеміту туралы заңдар шығарылды, ал Вьетнамның жағдайында мұндай заңдардың орасан зор маңызы болды. Бұл қарарлар шетелдің қожалық етуі салдарынан қайыршылық пен аштықтың

рын қадірлеп, сүйсініп оқыды.

Кәзір Москвадағы Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Бальзак шығармаларының 15 томдығын басып шығаруды жүзеге асыруда. Тоғыз томы басылып шықты. Осы жыйнаққа кірген Бальзак шығармаларына талдау жасау түгіл, соларға қысқаша шолу жасау да газет мақала сыныш көлеміне сай келмейтіні мәлім. Сондықтан газет оқушыларымызға, әсресе, ескі дуниеніц жиіркенішті, ұсқынсыз жақтарын әлі де жете білінкіремейтін жастарға ең алдымен осыларды оқығаны пайдалырақ болар еді деген мақсатпен Бальзак романдарының кейбіреулеріне ғана түсінік беруді қажет деп таптық.

жүрек екендігін, олардың әкеге деген жақсы сезімдерін ақшақұмарлық, данкойлық, ар-ұяттарын тоздырған жыйынтой өлтіріп жібергендігін ұлы жазушы асқан шеберліктпен әйгілейді.

Бальзак қарт Горионың өлер алдындағы ақырғы минуттарын суреттегенде шыңдықты бейнелеудің биік шыңына көтеріледі. Романның бұл жерін оқығанда достық, туысқандық, халықтар мен адамдарды, ата- аналарымызды сыйлау, құрметтеу рухында тәрбиеленіп отырған біздің жастарымыздың толқымай оқуы, ескі дуниеге өшпенділіксіз, оған лағнат айтпай оқуы мүмкін емес.

өркашан данын тұратын еді.»

Бальзак шығармалары кәзіргі буржуазиялық Францияда басылмайды, оған тыйым салынған. Бірақ ол әрекет-дәуренді, заманы өткендердің, өмірге өшіккендердің дәрменсіздігі ғана. Бальзак қазнасына буржуазия мұрагер емес, француз халқы — мұрагер. Бальзак есімі-мәңгілік. Бальзак талантының алдында американ доллары да, бөтеннің қолымен от көсеп жаман үйренген әккі ағылшын саясаты да, реакцияның алдында бауырынан жорғалайтын Францияның сатылмыш буржуазиясы да әлсіз.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КУРОРТТАРҒА КӨПТЕП БАРУДА

Апрель айының бас кезінде Қырым мен Солтүстік Кавказдық курорттарына Петропавл темір жол бөлімшесінің біртоп теміржолшылары жүріп кетті. Олардың ішінде байланыс дистанциясының инженері Н. Зелинский, паровоз машинисі П. Трубицын, 5-дистанцияның жол қараушысы М. Кочергин, жол механигі И. Теребов сыяқты еңбек озаттары бар.

Курортқа барушылар көңілді тынығып, жақсы дем алуда. Сочи курортында болып қайтқан паровоз депосының токарі Д. Шингель жолдас былай дейді:

—Мен курортта өте жақсы дем алдым. Денсаулығым да тамаша болып түзелді.

Шингель жолдастың жақсы дем алғандығы оның ісінен де айқын көрінуде. Ол кәзір сменалық тапсырмасын 200—220 проценттен орындап жүр. Курортта дем алып қайтқан паровоз машинистері А. Баштынский, К. Комов, жол қараушы К. Морозов жолдастар да еңбек озаттары.

Үстіміздегі жылдың өткен 4 айы ішінде еліміздің тыныгу және денсаулық сақтау орындарында 197 теміржолшы дем алып қайтты. Жыл аяғына дейін тағы да 800-ге жуық адам тыныгатын болады.

Газетіміздің осы жылғы 13 апрельдегі номерінде жарияланған «Дәрменсіз басшы, нәтижесіз іс» деген мақалада Совет аудандық өндіріс комбинатының жұмысындағы, комбинат басшыларының жұмыска басшылық ету стиліндегі кемшіліктер сыналған болатын.

Еңбекшілер депутаттарының Совет аудандық Совет атқомі редакцияға, газет сынында көрсетілген фактілер толық анықталып, газет сыны аудандық Совет атқомінің мәжілісінде талқыланды деп хабарлады. Бірінші тоқсанда жалпы өнім шығару жоспарын орындалуын қамтамасыз етпегені, мемлекеттік тәртіпті бұзғаны, коллективтен қол үзіп, төрешілдікке салынғаны үшін аудандық Совет атқомі комбинат директоры Пономарев жолдасқа қатаң сөгіс берген және орын алған кемшіліктерді бір ай ішінде жоймаса оған бұдан да қатаң жаза қолданылатындығы ескертілген.

Комбинат жұмысында орын алып келген кемшіліктерді жоюға, өнім шығару жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар белгіленген.

бастады. Бірақ бұл көпке созылған жоқ. Герман фашизмін талқандауға, ал содан кейін жапон милитаризмін жеңуге де әкеліп жеткізген антигитлерлік коалицияның табыстарымен бірге Индо- Қытайда ұлт- азаттық қозғалысы өрістеді.

Бұл ұлт-азаттық қозғалысын Вьетнамның тәуелсіздігі жолындағы күрес Одағы басқарады, ал бұл одақ қысқаша Вьетмин деп аталып жүр. 1945 жылдың орта шеніне дейін Вьетминнің қарулы отрядтары елдің территориясының едәуір бөлігін азат етіп, соның нәтижесінде уақытша үкмет құрылды. 1945 жылғы 2 сентябрьде Вьетнам халқының Ханой қаласында болған Ұлттық конгресі Вьетнам халқының жұрт таныған көсемі Хо Ши Миннің басшылығымен тәуелсіз Вьетнам Демократиялық Республикасы құрылды деп жарияланды. Вьетнам халқының өз праволары мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресте жеткен жеңісі нәтижесінде 1946 жылғы январьда Вьетнамның бүкіл территориясында жалпыға бірдей сайлау өткізілді. Сыруттан жасалған әр-

шілігінің материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді. Индо- Қытайдың тарихында тұңғыш рет еңбекші халықтың праволары мен мүдделерін қорғайтын заң енгізілді. Сонымен қатар мемлекет есебінен жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім алу принципі де жүзеге асырыла бастады.

Міне мұның бәрі Вьетнам Демократиялық Республикасы сыяқты жаңа мемлекет орнағанын, бұл мемлекеттің тәуелсіз өмір сүру және өз халқының мүқтаждарына қамқорлық жасау жолына түскенін көрсетеді: осы жаңа мемлекет өз халқының, сондай-ақ басқа елдер халықтарының, ең алдымен, Вьетнам халқының жеңісін өз жеңісі деп әділ санап отырған Азия халықтарының белсене қолдауынан сүйенуге тиіс болды және іс жүзінде осындай қолдауға сүйеніп отыр.

(Соңы 4-бетте).

қайта біртұтас орталықтанған партияның бір құрамды бөліктері ретінде өмір сүреді.

Коммунистік партия жұмысшы табының, еңбекшілердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігінің шын бейнесі болып табылады. Ол, қатты ұйымдасқан отряд болғандықтан, бүкіл совет халқын коммунизм құрылысының орасан зор міндеттерін шешуге ойдағыдай бастап келеді.

В. И. Ленин өзінің тарихи кітабында пролетариаттың таптық бірігуінің жоғарғы формасы болып табылатын партия туралы қағиданы дәлелдеп берді. Коммунистік партияның қолында қажетті деректердің бәрі бар, сонымен қаруланған ол коммунизмнің жеңісі жолындағы күреске басшылықты шебер етуге іскерлікпен орталықтандырады, сөйтіп, жұмысшы табының барлық және қандай да болса ұйымдарын партияны еңбекшілердің ең қалың бұқарасымен байланыстыратын көмекші күштерге айналдырады және еңбекшілерге басшылық ете алатын бірдеңбір ұйым болып табылады. Партия жұмысшы табының, халықтың түбірлі мүдделерін білдіретін алдыңғы қатарлы теориямен қаруланған, оның программасы, тактикасы, ұйымдық принциптері бар, бұлар партияның еңбекшілер бұқарасын өз жағына тартып, оны біртұтас ортақ мақсатқа бастауына мүмкіндік береді. Партия И. В. Сталиннің айтқанындай,— партияда жоқтардың ұйымдарымен тікелей байланысты және бұл ұйымдарда басшы роль атқаратын жұмысшы табының таңдаулы өкілдерінің бір жерге жиналатын пункті. Партия —еңбекшілер ұйымдарының барлық формаларына басшылық ете алатын таптың саяси қайраткерлерін шыныктырып өсіретін ең жақсы мектеп.

Жұмысшы табының таптық ұйымының жоғары формасы болғандықтан, Коммунистік партия пролетариат диктатурасы жағдайында еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының ғана емес, сонымен бірге, мемлекеттік ұйымдардың да жұмысына бағыт беріп отырады. Партия, сонымен бірге, диктатура әлі жеңіп алынбаған кезде оны жеңіп алу үшін, диктатура жеңіп алынған кезде оны нығайтып, ұлғайту үшін керек болатын пролетариаттың қолындағы құрал болып табылады. Пролетариат диктатурасындағы ең басты күрес —Коммунистік партияның басшылығы.

Коммунистер партиясы елімізде жұмысшы табының диктатурасын орнату жолындағы күрестің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. Партияның басшылығымен жұмысшы табы диктатурасының мемлекеттік ұйымдары —Советтер құрылды. Советтердің басшы ұйтқысы коммунистер партиясы болғандықтан, Совет Үкметі дуние жүзіндегі ең күшті және баянды Үкметке айналды.

Коммунистік партияның ұлы, жеңілмес күші —оның ең қалың халық бұқарасымен біте қайнасқан тығыз байланысында.

В. И. Ленин былай деп үйретеді: Коммунистік партия жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отрядының миллиондаған еңбекшілер бұқарасымен байланысының айқын бейнесі. Коммунистік партияның еңбекшілер бұқарасымен байланысы жұмысшы табының диктатурасы заманында өлшеусіз ұлғайып, нығая түсті. Мұның өзі әбден заңды да. Еңбекшілер елді өздері басқарып, үкмет, басында Коммунистік партия тұрған жағдайда, партия мен халықтың арасындағы байланыстар мен өзара сенімді нығайтуға барлық мүмкіндіктер жасалды, ал, бұлардың мақсаты мен қиймылының бірлігі коммунизмді ойдағыдай орнатудың шешуші шарты болып табылады.

Коммунистік партия халықтың қалың қойнауынан үсті- үстіне жаңа күштер алып келеді. Міне, Коммунистік партияның басшылығының күштілігі мен жеңілмейтіндігінің қуатты қайнар бұлағы осында. Бұқарамен байланыс — партияның сапа жағынан өсуін қамтамасыз етудің міндетті шарты.

Партия өз ұрандарын халықсыз жүзеге асыра алады-мыс, тек коммунистердің қолымен ғана коммунистік қоғам орнатуға болады-мыс деген қыйсынсыз ұғымды В. И. Ленин аяусыз әшкерелеп, күйретті.

Партия өз жұмысында тек халық бұқарасы ғана тарихи прогрестің жасаушысы болып табылады дейтін марксизм-ленинизмнің қағидасына әркашан ла сүйеніп келді және сүйеніп отыр. Коммунистік қоғамды партияның басшылығымен бүкіл халқымыз орнатып жатыр. Партия ұйымдарының, партия басшылары мен коммунистердің бұқарамен байланысы неғұрлым тығыз болса, партияда жоқ миллиондаған еңбекшілердің және бұқараның соңынан ертетін партия ұйымдарының жұмысы солғұрлым жемісті болады. Біздің барлық жеңістеріміздің нәрлі қайнар бұлағы, біздің коммунизм жолында сенімнен алға басуымыздың негізі —партияның, үкметтің және халықтың мызғымас бірлігінде.

Коммунистік партияның ұйымдық құрылымының басшы принципі, деп көрсеткен болатын В. И. Ленин, демократиялық централизм болып табылады. Централизмнің мәнісі мынада: партия біте қайнасқан біртұтас ұйым ретінде өмір сүреді, оның біртұтас Уставы мен біртұтас программасы, біртұтас жоғарғы басшы органы —партияның съезі, ал, съездер аралығында істейтін —партияның Орталық Комитеті бар. Орталық Комитет басшы штабы болып табылады. Орталық Комитетке съездер аралығындағы уақытта партияның принциптерін бұлжытпай сақтап, жүзеге асыру, оның бірлігін қорғау, партияның бүкіл тұрмысына басшылық ету міндеті жүктеледі. Партияда барлық коммунистерге бірдей міндетті біртұтас тәртіп бар, партияға аз-шылықтың, көпшілікке, жеке ұйымдардың —орталыққа, төменгі ұйымдардың— жоғары ұйымдарға бағыну принципі қолданылып отыр. Мұндай шарттар болмайынша, жұмысшы табының партиясы өзінің бұқарамен басшылық ету жөніндегі міндеттерін орындай алмайды.

Партияның құрылымы негізделетін централизм —демократиялық централизм болып табылады. «Мұның мәнісі, —деп жазған болатын Ленин,—партияның барлық істерін партияның барлық мүшелері тікелей немесе өкілдер арқылы, тең праволылықпен және бәрі түгелінен жүргізеді деген сөз. Оның бер жағында партияның қызмет бабындағы барлық адамдары, барлық басшы коллегиялары, барлық мекемелері сайланып қойылатын, есеп беріп отыратын, ауыстырылып отыратын болады». (Шығармалар, II-том, қазақ тілінде 444-бет).

Ленин жасап берген партиялық басшылық принциптері мен партия тұрмысының нормаларын бұлжытпай сақтау партияның ішкі демократиясының аса маңызды ережесі болып табылады. Партиялық басшылықтың жоғары принципі — басшылық етудегі коллективтілік. Партияны кездейсоқ қиймыл жасаудан, қабылданатын қарарларды біржақтылықтан сақтандыратын коллективтік басшылық ету принципін бұлжытпай орындағанда ғана, деп үйретеді Ленин, партия ұйымдары және тұтас алғанда бүкіл партия бірқалыпты жұмыс істей алады. Бұл принциптің мәнісі мынада: партия ұйымына жалғыз секретарь емес, бюро, тұтас алғанда бүкіл комитет басшылық етіп отырады, басшы органдар коммунистермен үнемі байланыс жасайды, ал, барлық коммунистер партия қарарларын жасау және жүзеге асыру ісіне қатысып отырады.

Коммунистік партия былай деп үйретеді: маркстік- лениндік теорияның ғылми негізіне және басшы кадрлардың кең инициативасына сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік тәжрибесі мен коллективтік даналығы ғана партия мен елге дұрыс басшылық етуді, партия қатарының мызғымас бірлігі мен топтасқандығын, елімізде коммунизмді ойдағыдай орнатуды қамтамасыз етеді.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында Ленин партия қатарының бірлігі мен оның тәртібі —партияның өмір сүруінің және жауынгерлік қабілетінің мызғымас негіздері, жұмысшы табының түбірлі мүдделері жолындағы күресі партияның басшылық ролін қамтамасыз етудің негіздері деген қағиданы тұжырымдап берді.

Біздің партиямыз барлық тұстегі оппортунистерге қарсы, социализм жауларына қарсы күресте өзінің бірлігі мен темірдей берік тәртібін шыңдап, нығайтты.

Совет Одағының Коммунистік партиясы еліміздегі бірден- бір партия, советтік қоғамның бағыт беруші және басшы күші болып табылады. Оның билеуші партия ретінде, әсресе, капиталистік қоршау жағдайында монопольдық дәрежеде болуы коммунистерді жоғары революциялық қырағылық көрсетуге міндеттейді, өйткені, әртүрлі жақ, дұшпан элементтер билеуші партия болып табылатын біздің партиямызға өтіп кетуге тырысып келді және мұнан былай да тырысады.

Партия өз мүшелері мен барлық еңбекшілерді жоғары революциялық қырағылық рухында, кемшіліктерге партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылыққа төзбеу рухында, сын мен өзара сынды, әсресе, төменнен болатын сынды батыл өрістетіп отыру рухында тәрбиелеп келеді. Қарама- қайшылықтарды ашып, жеңу формасы, советтік қоғамдағы ескі мен жаңаның арасындағы өліп бара жатқандар мен туып келе жатқандардың арасындағы күрестің ерекше формасы болып табылатын сын мен өзара сынды біздің партиямыз социализм қызметіне пайдаланып отыр.

Коммунистердің саналы, жоғары тәртіптілігі, олардың СОКП Орталық Комитетінің төңірегіне топтасқандығы —партияның ССРО-да коммунистік қоғам орнатудың дем берушісі және ұйымдастырушысы ретіндегі басты ролін атқарудың аса маңызды шарты.

* * *

Совет Одағының Коммунистік партиясы еңбекшілердің бостандығы мен бақыты үшін күресудің ұзақ және даңқты жолын өтті. Ол халқымызды коммунизмге қарай сеніммен бастап келеді. Партия жасап берген саясатты халық бұқарасы қызу қолдап ойдағыдай жүзеге асыруда.

В. И. Лениннің аса зор тарихи еңбегі мынада: ол біздің Коммунистік партиямызды ұйымдастырды, шыныктырды және тәрбиелеп өсірді. Партияны нығайтып, дамытуда Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» дейтін классиктік еңбегі аса көрнекті роль атқарды.

В. И. Ленин жасап берген партиямыздың ұйымдық принциптері маркстік-лениндік тұдан ақырына дейін айнымайтын барлық елдердің коммунистік партияларының құрылысы мен жұмысының негізі болды. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» дейтін кітапта ілгері дамытылған идеяларды дәйектілікпен басшылыққа алып отырып, туысқан партиялар Совет Одағының Коммунистік партиясының өнегесі бойынша, өз қатарының бірлігін тынбастан нығайтып, коммунистердің жауынгерлік қабілеті мен маркстік- лениндік саналылығын барған сайын жоғары көтеріп, бұқарамен байланысын барынша ұлғайтып келеді. Міне, мұның бәрі олардың еңбекшілер бұқарасының капиталистік езушілікке қарсы, бостандық пен социализм жолындағы күресіне ойдағыдай басшылық етуіне көмектесуде.

В. ДОНСКОЙ.

ИНДО-ҚЫТАЙДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ

В. М. МОЛОТОВТЫҢ Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде 1954 жылғы 14 майда жасаған мәлімдемесі

(Соңы. Басы 3-бетте).

Бао Дайдың үкметі жайындағы кейбір фактілерді де еске сала кету пайдалы, өйткені Вьетнам Демократиялық Республикасына қарсылар бұл фактілер жайында кәзіргі уақытта үндемеуді артық санап отыр. 1945 жылғы 25 августың өзінде, яғни өкмет билігі демократиялық үкметтің қолына көшкеннен кейін бірнеше күн өткенде, жапон оккупанттарымен ынтымақтасқан Бао Дайдың тағынан түсіп, бұл туралы жария мәлімдеме жасағаны, оның 20 жыл патшалық құрған уақытының ішінде Вьетнамға ешқандай пайда келтірмегені ақиқат факті болып табылады. Сонымен қатар Бао Дайдың тағынан түсу туралы мәлімдемесінде Вьетнамның өкмет басына келген демократиялық үкметін мойындау және халықтың барлық топтарын ұлттық бірлікке және халықтың өзі құрған демократиялық үкметті қолдауға шақыру қажет деген қорытындыға келгені де ақиқат факті болып табылады. Бұл фактілерді бекер деу мүмкін емес. Ал олай болса, француз оккупациялық өкмет орындары құрған кәзіргі Бао Дайдың үкметін Вьетнамның заңды үкметі деп қалай айтуға болады? Вьетнамның Ұлттық жиналысы құрған, дәл сол кезде Франция таныған және өз халқында терең тамырлар жайған демократиялық үкмет —Вьетнамның заңды үкметі болып табылатынын фактілер көрсетіп отыр.

Егер дүниежүзілік екінші соғыстың уақталуына байланысты Индо-Қытайда болған оқиғаларды, сонымен қатар Вьетнамның демократиялық үкметінің жоғары беделі мен кең ықпалының негізделіп отырғандығын біздің түсінгіміз келетін болса, онда осы және осындай фактілерді ұмытпауымыз керек.

Тіпті жақында мұны француз үкметі де мойындады. 1946 жылдың ішінде Франция үкметі Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметімен бірнеше келісімдер жасасты. Соның өзінде Вьетнамның жаңа үкметі Вьетнам халқының еркін білдіретін бірден бір заңды үкмет деп қаралды.

Бұдан кейін, мысалы, 1946 жылғы 6 марттағы Франция —Вьетнам арасында жасалған «алдын ала келісімді» келтіруге болады. Міне бұл келісім мынадай сөздермен басталған:

«Бірінші жағынан, Француз Республикасының өкмет орындарының өкілі, Францияның жоғарғы комиссары адмирал д' Аржанлье тиісті дәрежеде уәкілдік берген Францияның жоғарғы комиссарының делегаты Сэнтени мырза өзінің өкілі болып табылатын Француз Республикасының үкметі:

және, екінші жағынан, өзінің президенті Хо Ши Мин мырза және Министрлер советінен арнаулы делегат Вю Хонг Хан мырза өкіл болған Вьетнам үкметі,

мына төмендегідей келісімге келді:

1. Француз үкметі Вьетнам Республикасын өз үкметі, өз парламенті, өз армиясы мен өз финансы бар, Индо-Қытай федерациясы мен Француз Одағына кіретін еркін мемлекет деп таныйды».

Бұл келісімде Франция —Вьетнам қатынастарын реттейтін басқа пункттер де бар.

Француз үкметі мен Вьетнам республикалық үкметі арасындағы осы бүкіл келісімде «отар» деген сөз жоқ және отарлық тәртіп туралы айтылмайды да. Мұның керісінше, бұл документте бірінші дәрежеде «Француз үкметінің Вьетнам республикасын еркін мемлекет деп таныйтыны» туралы айтылған.

Мұнымен қатар 1946 жылғы 14 сентябрьде Франция —Вьетнам келісіміне қол қойылғаны жөнінде «Француз республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының бірлескен мәлімдемесі» жарияланғаны да жұртқа мәлім. Бұл келісім «модус вивенди» деп аталып, Франция мен Вьетнам арасындағы қатынастарды реттегені жұртқа белгілі. Жоғарыда айтылған келісімге француз үкметінің ұстанған теңіздің арғы бетіндегі территория істері жөніндегі министр Мариус Мутэ, ал Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің атынан—үкметтің председателі Хо Ши Мин қол қойған болатын.

Вьетнаммен жасалған бұл келісімдерге қол қоя отырып, француз өкмет орындарының осы келісімдерді орындауды тіпті ойламағаны кәзір кімге болса да айқын көрініп отыр. Мұнда, сірә, бұл келісімдер француз әскерлерін Индо-Қытай түбегінің территориясына енгізу үшін пайдаланылады, сөйтіп, бұл әскерлер Индо-Қытайда шетелдік державаның отарлық үстемдігін қалпына келтіреді деген үміт болғандығы байқалады.

Егер Францияның үкметі осы Франция —Вьетнам келісімдерін бұлжытпай сақтаған болса, онда Франция мен Вьетнам арасында ешқандай соғыс болмаған болар еді. Бірақ оқиғалар басқаша бағытпен дамыды. Француз үкметі бұл келісімдерді бузу арқылы Вьетнаммен соғысқа кірісіп, 8 жыл бойы Индо-Қытайда отарлық соғыс жүргізіп келеді.

Басқа халықтарды айтпағанның өзінде, Францияның өз ішінде де бұл соғысты мейлінше жек көруде. Ол «жексұрын соғыс» деген атпен мәлім болды. Бұл соғыс француз халқын орасан зор бақытсыздыққа ұшыратып, француздардың орасан көп құрбандық жасауын және материалдық шығындар жұмсауын талап етті. Ол ол ма, бұл соғыстың нәтижесіз және мақсатсыз соғыс екендігі айқын.

II.

Соғысты ұлғайту немесе бейбітшілікті

деген мәлімдемелерді де естідік. Біздің кеңесіміздегі кейбір сөздерде шетелдік мемлекеттер тарапынан жасалған осындай танулардың маңызы барынша атап көрсетілуде, ал реті келгенде айта кетелік: бұл шетелдік мемлекеттердің көпшілігі американ мемлекеттері болып табылады.

Бірақ, жоғарыда көрсетілген Индо-Қытайдың үш мемлекетінің кәзіргі өкмет орындарын осы дипломатиялық жолмен танудың ақиқат жайы қандай болып отырғанына көз жіберу керек. Соның өзінде, неліктен екені белгісіз, бір маңызды факті жөнінде айтылмай отыр. Байқап қарасақ, бұл үкметтерді таныған мемлекеттердің ішінде, айталық, Азия елдері жоқ екен. Индияның да, Пакистанның да, Индонезияның да, Бирманың да, тіпті Филиппиннің де бұл үкметтерді танығысы келмеген.

Ал Қытай Халық Республикасына келетін болсақ, ол, Совет Одағы және басқа бірқатар демократиялық мемлекеттер сияқты, осы үкметтермен емес, қайта Вьетнам Демократиялық Республикасымен дипломатиялық қатынастар жасап отыр. Әрине, Индо-Қытайдағы жағдайды басқа көптеген елдерден гөрі неғұрлым жақсы білетін Азия елдерінің Франция қолдап отырған Индо-Қытайдың үш мемлекетінің үкметтерімен істес болудан бастартып отырғаны да тегін емес.

Осыған байланысты Францияның премьер-министрі Ланьель мырзаның 1953 жылғы 27 октябрьде Францияның Ұлттық жиналысында жасаған мәлімдемесі өзіне назар аударады. Вьетнамдағы саяси жағдайға тоқтай келіп, ол былай деп мәлімдеді: «Вьетнамның ішкі жоспарында Хо Ши Миннің саяси салмағына тең келе алатындай саяси жағынан әлі ешнәрсе болмай отыр». Міне, француз үкметінің өзі қолдап отырған, Индо-Қытай халықтарына жат болып келген және жат болып стырған Индо-Қытайдың өкмет орындарын француз үкметінің өзі де жоғары бағаламайтыны бұл сөздерден айқын көрінеді.

Осылардың бәрінен кейін Индо-Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының табыстары «сырттан жасалған ықпалдан», мысалы, Қытай Халық Республикасы тарапынан жасалған «ықпалдан» болып отыр-мыс деп, істің жайын бұрмалап көрсету әрекеттерінің қаншалықты қиысыңсыз екендігі айқын көрініп отыр. Мұндай түкке тұрғысыз лақаптарды Индо-Қытай халықтарының ұлттық санасының өскендігімен санаспай отырған отарлық саясаттың айқын сәтсіздікке ұшырағандығын ақтау үшін сылтау ізден отырғандардың таратуы ғана ықтимал.

Солай бола тұрса да, Индо-Қытайда отарлық соғысты онан әрі жүргізе беруді жақтаушылар әлі де бар. Бірақ бұлардың өзі де туған жағдаймен санасып, Индо-Қытайда жүргізіліп жатқан соғысты әншейін соза берудің Индо-Қытай дан сұрамай отырғаны жұртқа мәлім ғой — деп сұрау өте заңды. Оңтүстік Шығыс Азияның халықтары бір мақсатты ғана — бейбітшілікті, ұлттық тәуелсіздік пен бостандықты көздеп отырғанда, бұл халықтардың қорғаушысымыз деп өзін-өзі жариялап, өзіне сондай роль алу тіпті болмағанда әдептілікке жатпайды ғой.

Кәзір, өздеріңізге мәлім, осы жаңа агрессиялық блокті топтастыру жөнінде істіртын жұмыс жүргізілуде. Бұл блок отарлық тәртіптерді сақтауға мүдделі және бұл үшін Азиядағы соғысты ұлғайтуға дейін баруға әзір отырған мемлекеттерді біріктіру мақсатын көздейді.

Женева кеңесі Индо-Қытайда бейбітшілік орнату міндетін шешудің орнына Оңтүстік-Шығыс Азияда соғысты ұлғайтуға әрекет жасалып отырған кезеңде өткізіліп отыр. Кәзіргі уақытта Америка Құрама Штаттарының ықпалды топтары жасап жатқан, бұл жөнінде соңғы уақытта соншалық көп айтылып, көп жазылып отырған жаңа агрессиялық жоспарлар міне осыған бастайды.

Соңғы жылдарда Америка Құрама Штаттары Индо-Қытай оқиғаларына барған сайын терең араласып, бұл елде отарлық тәртіпті қолдау позициясын ұстауда. Соңғы бірнеше жылдың ішінде Францияға және Франциямен байланысты Индо-қытайлық үкметтерге Құрама Штаттар тарапынан көрсетілген финанс көмегі туралы мәліметтерді келтірудің өзі де жеткілікті. Бұл мәселе жөніндегі соңғы жылдарға жататын тиісті мәліметтер мынадай: 1952—1953 жылы — 314 миллион доллар, 1953 —1954 жылы — бір миллиард доллардан аса көмек берілген, мұның өзі Индо-Қытайдағы соғысқа жұмсалған барлық шығынның, шамамен, 4/5 бөлігі болып табылады. 1954—1955 финанс жылына бұл шығындар 1.133 миллион доллар мөлшерінде жоспарланған. Ал шынында, кім ақша төлесе, соның музыкаға заказ беретіні мәлім ғой.

АҚШ тарапынан есеп артқан осы қаржы көбінесе Индо-Қытайда жүргізіліп жатқан отарлық соғысты қаржыландыруға жұмсалды. Кәзіргі уақытта әңгіме енді Индо-Қытайдағы отарлық соғысқа АҚШ-тың тікелей араласуы жайында болып отыр.

Кәзіргі уақытта Американың Индо-Қытайдағы соғысқа араласуы қару-жарақ, соғыс материалдарын беру, соғыс кеңесшілерін, нұсқаушылар, мамандар және басқаларын жөнелту түрінде онан сайын күшейтілуде. Міне мұның өзі Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру жолындағы басты кедергі болып табылады. Ол ол ма, бұл араласушылық, одан туатын барлық зардаптарымен бірге, Индо-Қытайдағы соғыс қиымылдарының көлемін ұлғайтуға әкеліп соқтырады.

Жоғарыда көрсетілген араласушылық сонымен қатар АҚШ-тың Индо-Қытайдағы жүзінде өзінің үстемдігін орнатуға

III.

Индо-Қытайда бейбітшілік орнату жолы

Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге көмектесу дегеніміз не?

Бұл міндетті Женева кеңесі Индо-Қытайда соғыс қиымылдарының тоқтатылуы бір жақтың айлакерлікпен жасаған қайдағы бір тынысына айналатын болады, ал осы белгілі бір жақ бұл тынысты Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайтуға әзірлену үшін пайдаланатын болады деп түсіне алмайды. Кеңестің міндетін мынадай мағнада түсіну керек: Женева кеңесі Индо-Қытайда соғыс қиымылдарының неғұрлым тез тоқтатылуын көздеуге және, сонымен бірге, Индо-Қытай халықтарының ұлттық тәуелсіздігі мен демократиялық праволарын қамтамасыз ету жөніндегі заңды талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндей келісімге жетуге тиіс.

Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы осында Индо-Қытай мәселесін реттеуге негіз болатын және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруді қамтамасыз ете алатын ұсыныстарды баяндап берді. Біз осында бұл уақытқа дейін осы ұсыныстарды сынаған дәлелді сынды да, бұл ұсыныстардың белгілі бір пункттерін қабылдауға келісетіндікті де естіген жоқпыз.

Совет делегациясының пікірінше, бұл ұсыныстардың мәні, егер оның ең маңызды пункттерін бөліп қарайтын болсақ, мынада болып отыр:

1. Франция Вьетнамның, сонымен қатар Кхмер мен Патет-Лаоның суверенитеті мен тәуелсіздігін мойындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Мұнымен бірге, барлық шетелдік әскерлерді әрбір жақтың арасында келісілген мерзімдерде Вьетнамның, Кхмердің және Патет-Лаоның территориясынан әкету туралы келісім жасалуға тиіс.

2. Вьетнамда, Кхмерде және Патет-Лаода жалпыға бірдей еркін сайлау өткізілуге тиіс, бұл сайлаудың нәтижесінде осы мемлекеттердің әрқайсысында біртұтас демократиялық үкметтер құрылады.

Бұл сайлауды өткізу алдынан Вьетнамдағы, Кхмердегі және Патет-Лаодағы екі жақтың өкілдерінің консультациялық конференциялары шақырылуға тиіс және патриоттық партиялардың, топтардың, қоғам ұйымдарының еркін жұмыс істеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі, сонымен қатар Кхмер мен Патет-Лаоның үкметтері бұл мемлекеттердің еріктілік принциптеріне сәйкес Француз Одағына кіруі туралы мәселе қарауға әзірлік білдіруге тиіс.

Мұның үстіне, Вьетнамның, Кхмердің және Патет-Лаоның үкметтері бұл мемлекеттерде Францияның экономикалық және мәдени мүдделері бар екенін мойындауға және тең пропорциялық сауда мұ

Мұның үстіне, француз жобасында осы кеңесте жасалуға тиісті келісімдерге кепілдік беру туралы айтылған. Француз жобасында тиісінше былай делінген:

«Бұл келісімдерге берілетін кепілдіктерді Женева кеңесіне қатысушы мемлекеттер қамтамасыз етеді. Мұны бұзудың қандайы болса да осы мемлекеттер арасында жеке түрде немесе коллективтік түрде тиісті шаралар қолдану мақсатымен дереу консультация алысуға әкеліп соқтырады».

Совет делегациясы бұл ұсынысқа толығымен қосыла алмайды. Бірақ осы кеңесте жасалатын келісімдерге Женева кеңесіне қатысушы мемлекеттер тарапынан кепілдік берілсін деген, сонымен қатар бұл келісімдер бузыла қалған күнде кепілдік беруге қатысушылар арасында консультация алысылатын болсын деген француз ұсынысын совет делегациясы принципінде қабылдауға болады деп табады. Мұндай консультация алысудың міндеті келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде коллективтік шаралар қолдану болуға тиіс. Француз делегациясының осы маңызды ұсынысына өздерінің көзқарасын бұл кеңеске қатысушылардың басқалары да айтып өткені дұрыс болар еді.

Мұнымен қатар Вьетнам Демократиялық Республикасының жобасы соғыс қиымылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын жүзеге асыруға тек үш мемлекеттің әркайсысында соғысушы жақтардың өкілдерінен құрылған аралас комиссиялардың бақылауын қою көздейді, деп те көрсетілін отыр. Соның өзінде қандай да болса халықаралық органдар тарапынан тиісті бақылау қою жобада көзделмеген деп атап көрсетілуде.

Бұл мәселе жөнінде келісімге жетудің зор маңызы болып отырғандықтан, совет делегациясы осы ұсыныстарға қосымша енгізуді ұсынады. Соғыс қиымылдарын тоқтату туралы келісімдердің орындалуын бақылауды бейтарап елдердің өкілдерінен құрылатын комиссияға жүктеу жөнінде келісуге болар еді. Мұндай комиссиялардың құрамын белгілеуде жеңуге болмайтын қиыншылықтар кездеспеуге тиіс.

Осыған сәйкес совет делегациясы жоғарыда көрсетілген ұсыныстардың текстіне мынадай толықтыру енгізеді:

«Соғыс қиымылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын орындауда әрбір жаққа көмек көрсету мақсатымен, келісімде бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясын құру көзделуге тиіс».

Женева кеңесіне байланысты Францияның алдында Индо-Қытайдағы жолдарды таңдап алу туралы маңызды мәселе тұр. Бір жол —Индо-Қытайдағы соғысты онан әрі жүргізу, мұның өзі Францияның ұлттық мүдделерін қанағаттандыру жөнінде ешқандай жақсылыққа жетізуге

Индо- Қытай халықтарының ұлт- азаттық күресінің мысалында тарихи маңыз бар. Бұл мысал мынаны көрсетеді: отарлық езушілікте болған халық бұқарасы өзінің ұлттық праволары мен бостандығын қорғауға аттанған жерлерде біздің заманымызда халықты ескі тұрмысқа қайта түсіруге болмайды, ұлттық қозғалысты қарудың күшімен және басқа зорлық жасау шараларымен басып- тұнышқтыруға болмайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставында «отар» деген сөздің жоқ екені, отарлық тәртіптерді мойындау дегеннің жоқ екені тегін емес. Бұл жағынан алғанда, БҰҰ Уставының Ұлттар Лигасының Уставынан айқын айырмасы бар. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін қабылданған Ұлттар Лигасының Уставында отарлар, мандатпен берілген территориялар және сондайлар туралы айтуға әлі ұялмаған болатын. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставында бұл мәселеге мүлде басқаша қаралып отыр. Бұдан, әрине, БҰҰ Уставы отарлық тәртіптерді жоюды жақтап шықты деген ұғым тумайды, ал отарлық тәртіптер, жұртқа мәлім, осы халықаралық ұйымның жанамалап қолдауымен әлі де өмір сүріп келеді. Бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлттар Лигасынан айырмашылығы сол, ол отарлық тәртіптердің өмір сүруін сақтау үшін өзіне жауапкершілік алған жоқ, мұның өзі, белгілі дәрежеде, империализмнің агрессияшыл күштерін —герман фашизмі мен жапон милитаризмін талқандағаннан кейін халықаралық қатынастарда туған жағдайды бейнеледі.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін отарлар туралы мәселе —осы соғыс басталар алдындағыдай емес, қайта басқаша қойылды. Солай бола тұрса да, кейбір мемлекеттердің мұнымен санасқысы келмеді. Бірақ Индо- Қытайдағы, тіпті Индо-Қытайдан тыс жерлердегі оқиғалардың дамуы отарлар мен тәуелді елдердегі ұлтазаттық қозғалысының өзімен санасқысы келмейтіндерді, —өршелене кері тартып, дәуірені өткен отарлық тәртіптерге, отарлардағы шетелдік үстемдікті сақтауға жармасып отырғандарды өзімен санасуға мәжбүр етіп отырғанын көрсетеді.

Осында біздің арамызда қатысып отырған Камбоджа мен Лаостың өкілдері сөз сөйлеп, өз халықтарына Франция үкметі берген тәуелсіздік пен праволарға разымыз деп сендірмек болды. Бірақ бұл мәлімдемелердің халықтардың шын ниетін қандай дәрежеде бейнелеп отырғаны күмән тудырады. Егер біз Кхмер мен Патет- Лао халықтарының қарсыласу үкметтерінің өкілдерін тыңдаған болсақ, онда біз бұл жөнінде неғұрлым жақсы хабар алған болар едік, ал мұны істеу әлі де кеш емес.

Осында Вьетнамның баодайлық үкметінің өкілі де шығып сөйледі. Ол осы үкметтің француз үкметімен жүргізіп жатқан келіссөздері Вьетнамның тәуелсіздігі мен праволарын қамтамасыз етуге тиіс деп сендірді. Бірақ бұл мәлімдемелердің неге негізделгені біздің ешқайсысымызға да мәлім емес. Екінші жағынан, Франция үкметінің бұл үкметті қолдап отырғанына қарамастан, осы үкметтің билігі Вьетнам территориясының шағын бөлегінде ғана жүргізіліп отыр. Вьетнам халқының және оның демократияшыл ұйымдарының қолдауына сүйеніп отырған Вьетнамның демократиялық үкметін алатын болсақ, бұл үкметтің өз халқының демократиялық бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін қандай қаңқыярлық күрес жүргізіп отырғаны кешінен мәлім болды.

Біз Индо- Қытайдағы істің ақиқат жағдайымен таныс адамдардың үніне құлақ қоюға тиісміз. Мен, мысалы, Индияның премьер- министрі Нерудің жуырдағы мәлімдемесін еске саламын, ол 24 апрельде Индия парламентінде мынадай пікір айтты:

«Индо- Қытайдағы жанжал өзінің негізі мен сыйпаты жағынан отаршылыққа қарсыласу қозғалысы және басып-тұнышқтырудың әртүрлі әдісін, «бөлшекте де, өктемдік ет»дейтін әдісті осындай қарсылысуға қарама- қарсы қою әрекеттеріне қарсылық көрсету қозғалысы болып табылады».

Жуырда Коломбода кеңес болып, оған Индияның, Пакистанның, Индонезияның, Бирманың және Цейлонның премьер министрлері қатысты. Бұл кеңес туралы қорытынды мазмұндамада былай делінген: жоғарыда көрсетілген азиялық беселдің премьер министрлері «Франция Индо- Қытайға толық тәуелсіздікті біржолата беретінін Женева кеңесінде хабарлаған болсын деп ұсынады».

Тіпті АҚШ мемлекеттік секретарының өзі де, Индо- Қытай жөніндегі өз мақсаттарын көздей отырып, Индо-Қытайдың тәуелсіздігін жүзеге асыруға Франция үкметінің келісім білдіруге міндетті екенін жұрт алдында қайта-қайта оны еске салуға мәжбүр болды. Ол жақында ғана, мысалы, 7 майда радио арқылы сөйлеген сөзінде былай деді: «Вьетнамға, Лаосқа және Камбоджаға толық тәуелсіздік беретін өзінің ниетін французбар бұрынғыдан да гөрі нақты іске айналдыруға тиіс». Егер Индо- Қытай елдерінің көзіргі тәуелсіздігінің орнықты емес екенін тіпті АҚШ мемлекеттік секретарының өзі де жанамалап ақтартып отырған болса, онда Вьетнам, Кхмер және Патет-Лао халықтарының тәуелсіздігі мен демократиялық праволары туралы мәселе Франция тарапынан қанағаттанарлық түрде шешілді-міс немесе көзірдің өзінде шешіле бастады-мыс деп осында жасалған мәлімдемелердің ақиқат құбының қалпа тұратынын түсіну бізге қиын емес.

Біз осында Вьетнамның Бао Дай үкметін және көзір өкілдері қатысып отырған Камбоджа мен Лаостың үкметтерін, Франциядан басқа, 34 мемлекет таныды майтынын көрудің. Осының салдарынан олар Индо-Қытайда соғысты ұлғайту жоспарларын жасап, хауіпті жолға түсуде. Бұл жоспарлар Оңтүстік -Шығыс Азияның халықтары үшін қатер болып табылады.

Бұған байланысты Индо- Қытайда соғысты ұлғаю хауіпінің өрістеп отырғандығын айтпай өте шығуға болмайды.

Индо- Қытайдағы соғыс біржолата тоқтатылсын деген халықтардың талаптары неғұрлым батыл қойылған сайын, Америка Құрама Штаттарының ықпалды топтары тарапынан АҚШ- тың Индо-Қытайдағы соғысқа ашықтан- ашық қарумен араласуы қажет екендігі туралы үн көтерілуде. Мұндай араласу үшін көзір тым болмаса елесті сылтау табуға зәр күш салынуда. Мұнда Азиядағы агрессияның тиісті жаңа жоспарларын жүзеге асырған сайын АҚШ- тың мұнда оқшауланып қалмауына ерекше қамқорлық жасалуда.

Соңғы уақытта біз АҚШ- тың, Францияның, Англияның және басқа кейбір мемлекеттердің қатысуымен осы мақсат үшін қайдағы бір блок топтастыруға өршелене әрекет жасалып отырғандығының куәсі болып келеміз. Женева кеңесі жақындаған сайын мұндай әрекеттер бұрынғыдан да гөрі өршелене жүргізілді. АҚШ мемлекеттік секретарының дәл өзі Женева кеңесінің қарсаңында АҚШ-тың Индо- Қытайдағы соғысқа араласуын ұлғайтуды барынша жақтай бастады. Бұл жолы тағы бір «қорғаныс бірлестігін» құру туралы сөздер айтылды, ал бұл ретте де әңгіме, әрине, АҚШ- тың, Францияның, Англияның немесе қайдағы бір басқа мемлекеттің қорғанысы туралы емес, қайта Индо- Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының ұлт- азаттық көзғалысына қарсы күресу үшін жаңа соғыс блогін топтастыру жайында болып отыр.

Жаңа агрессиялық блок құрудың белгілі бір соғыс- стратегиялық мақсаттарды көздейтінін байқау да қыйын емес. Мұның өзі бұл ауданда жаңа американ соғыс базаларын құру деген сөз, ал бұған осы блокті құру және Американың Индо-Қытайдағы істерге араласуын ұлғайту жоспарларына байланысты хауіпсіздігіне қатер төніп отырған мемлекеттер немқұрайды қарап отыра алмайды.

Жоспарланып отырған жаңа блок, сондай- ақ Американың Индо-Қытайдағы істерге араласуы, Оңтүстік -Шығыс Азияның халықтарын қайдағы бір сырттан жасалатын хауіптен қорғау үшін керек болды-мыс дегенді айтуда. Бұл елдердің халықтарына және олардың ұлттық тәуелсіздігіне шын қатердің қайдан төніп отырғаны туралы мәселені айтпағанның өзінде, — біз бұл елдердің халықтарының қорғаушысымыз деп жариялау дұрыс болар ма екен, өйткені бұл халықтардың қорғанышы болыңыз деп Құрама Штаттардың елдің отарлық үстемдігін басқа елдің отарлық үстемдігімен ауыстыру үшін көзірдің өзінде аз әрекет жасалған жоқ.

АҚШ-тың Индо- Қытай істеріне араласуы, мұның үстіне, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресін жатқан Индо- Қытайдың халықтарын Азияның басқа халықтарымен соқтығыстыруға және Азия халықтарының өзара соқтығысуын өз мақсаттарына пайдалануға тырысатын әрекетті де көрсетеді.

Осының бәрі Шығыста да дүниежүзілік жаңа соғысқа күшті әзірлік жүргізілін жатқанын көрсетеді.

Қыйыр Шығыстағы осы американ жоспарларының маңызын түсіндіре келіп, АҚШ мемлекеттік секретары осы жылғы 13 январьда былай деп мәлімдеді:

«Құрама Штаттардың бұл аудандағы мүдделері, стратегия тұрғысынан алғанда, аралдардың жағалаудағы тізбектері дейтінмен өте тығыз байланысты. Аралдардың осы жағалаудағы тізбектерінің іс жүзінде екі материктік базасы бар. Солтүстікте —континентальді Корея, ал оңтүстікте, біздің үмітімізше, — Индо-Қытайда база бар. Бұлардың аралығында аралдардың өздері — Жапония, Рюкю, (Окинавамен бірге), Формоза, Филиппины, Австралия және Жаңа Зеландия орналасқан. Құрама Штаттардың, белгілі бір формада, хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы осы аудандардың әрқайсысымен келісімі бар, бұл келісімдер кейбір жағдайда договор түрінде жасалмаған, бірақ дегенмен де бұл келісім мейлінше нақты және мейлінше шындыққа жататын келісім».

Индо-Қытай халықтарының немесе осы ауданның басқа халықтарының праволары мен тағдырын АҚШ-тың стратегиялық жоспарларын жасаумен шұғылданып отырғандардың тіпті де көздемейтіні АҚШ мемлекеттік секретарының осы мәлімдемесінен айқын көрінеді. Екінші жағынан, мұнда соғысты ұлғайтуды әзірлейтін осы американ стратегиялық жоспарларының осы орасан үлкен ауданның халықтарын бейбітшілікпен өркендету ісіне елеулі хауіп болып табылатындығы да айқын көрінеді. Құрама Штаттардың белгілі бір мемлекеттерді қатыстыра отырып, өз жоспарларын жүзеге асыру мақсатымен соғыс блогін топтастыра алатын алмайтыны әлі айқын емес, дегенмен де бұл жоспарлар Азиядағы отарлық тәртіптерді қандай құралдармен болса да қолдауға ұмтылған талапты айқын көрсетеді.

Оңтүстік- Шығыс Азиядағы соғысты ұлғайтудың осы агрессиялық жоспарларына қарсы тұру жөніндегі өзінің міндетін орындауы үшін Женева кеңесіне зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Бұл жоспарларға батыл қарсы шығу ғана Женева кеңесінің міндеттеріне сай келеді, өйткені бұл кеңестің мақсаты Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру болып отыр және бола береді.

4. Жоғарыда көрсетілген шараларды жүргізу, сонымен қатар Вьетнам Демократиялық Республикасының жобасында айтылған басқа қадамдарды жасау алдынан Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдары тоқтатылып, тиісті келісімдер жасалуға тиіс, бұл келісімдерге байланысты Индо-Қытайға сырттан жаңа әскери бөлімдер, қандай да болса қару мен оқ-дәрі жеткізу ісінің толық тоқтатылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Осы мен айтып өткен пункттерден басқа, кейбір басқа мәселелер жөнінде де: соғыс тұтқындарын өзара алысып- берісу туралы, соғыс кезінде қарсы жақпен ынтымақтасқан адамдарды құдаламау және басқалары туралы келісу қажет болады. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген негізгі төрт пункттің екі жақтың саяси, сондай-ақ соғыс мәселелері жөнінде келісімге жетуді көздеген заңды тілектерін тиісті дәрежеде еске алуы қажет.

Егер екі жақ Индо-Қытайда шын мәнісінде баянды, сенімді бейбітшілік орнатуға ойдағыдай ұмтылатын болса, бұл мақсаттарға жетуге әбден болады.

Вьетнам Демократиялық Республикасының ұсыныстары Франциямен келісім жасасуға бағытталған. Бұл ұсыныстар әділеттілік пен намыс принциптерін өзара мойындаудың дұрыс болатындығына сүйеніп отыр, ал осы принциптер негізінде Индо-Қытай мен Франция халықтарының арасында жаңа, достық қатынастар орнатуға әбден болады. Бұл ұсыныстардың отарлық саясатты жақтаушыларды қанағаттандырмауы мүмкін, өйткені олар ескіге, дәуірені өткен тәртіпке жармасып отыр. Индо-Қытай мәселесі жөнінде келісу мүмкіндігінің өзін де қабылдамай тастап, бұлар ұлттық мүдделерге қызмет етпей, қайта Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтірмеуге, соғысты ұлғайта беруге тырысып отырған шетелдік агрессиялық топтардың мүдделеріне қызмет ететін болады.

Біздің бірінші мәжілісімізде француз делегациясы Индо- Қытай мәселесін реттеу жөнінде өз ұсыныстарын енгізген болатын. Бұл уақыттың ішінде біздің француз жобасымен, сондай- ақ басқа делегациялардың ұсыныстарымен де мұқият танысуға мүмкіндігіміз болды.

Француз ұсыныстарының кемшілігі сол, бұл ұсыныстар саяси проблемаларға мүлде соқпай отыр. Ал оның бер жағында, Индо-Қытайда ұзаққа созылған соғысты тоқтату мәселесін ең болмағанда осы сияқты кейбір проблемаларды шешуден бөле қарауға болмайтыны кімге болса да түсінікті.

Француз жобасында Лаос пен Камбоджада өрістеген ұлт-азаттық күресін жете бағаламау сезіліп отыр. Оның бер жағында, Индо-Қытайдағы жағдай туралы мәселені тек Вьетнамдағы оқиғаларға әкеліп тіреуге болмайды.

жоспарлар үшін соғысты ұлғайта беруге әкеліп соқтырады. Екінші жол—келіссөздер жүргізу ең алдымен, Вьетнам халқымен келіссөздер жүргізу және Индо-Қытайдағы соғысты неғұрлым тез тоқтатып, бейбітшілік орнатуды қамтамасыз ету үшін осы бағытта онан әрі қадамдар жасау жолы. Міне бұл жолда Францияның және Индо-Қытай халықтарының арасында өзара түсінісушілік пен достық қатынастар орнатуға болады.

Женева кеңесі Индо-Қытай мәселесін осылай бейбітшілікпен реттеуге көмектесе отырып, мүмкін болған күш-жігерінің бәрін жұмсауға тиіс.

* * *

Совет делегациясы, әрине, бұдан бұрынғы мәжлісте Британия өкілі қойған мәселелер жөнінде өзінің көзқарасын айтып береді. Бірақ, көзірдің өзінде мынаны айта кету керек: барлық еңгімені осы мәселелерге әкеліп тіреу, сөйтіп, Индо-Қытайдағы оқиғалар көзірдің өзінде тудырып отырған соғыс және саяси сыйпаты бар проблемаларға соқпай өту дұрыс болмас еді.

Совет делегациясы, Қытай Халық Республикасының делегациясы сияқты. Вьетнам Демократиялық Республикасының өкілі енгізген ұсыныстарға зор маңыз беріп отыр. Совет делегациясы бұл ұсыныстарға өзінің тілектестігін білдіреді және бұл ұсыныстарға барынша толық көңіл бөлінеді деп сенеді. Мұнымен бірге, совет делегациясы осы Женева кеңесі Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге шын мәнісінде көмектесіп барлық басқа ұсыныстарды да қарайды деген сенім білдіреді.

Совет үкметі, Индо-Қытай халықтарының ұлттық мүдделерін ойдағыдай ескеріп отырып, Индо-Қытай мәселесін реттеу Азияда бейбітшілікті баянды ету ісінде ғана емес, сонымен бірге жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту ісінде де маңызды қадам болар еді деген пікірге сүйеніп отыр.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫЙҒА»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҰЛУ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01240. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**